



БАЙЫПТАМА



ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ!

7

МӘДЕНИЕТ



ТАМСАНДЫРҒАН «ҮШ ТОТЫ»

8

МӘСЕЛЕ



БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ МӘМІЛЕ ЖАСАУ КЕРЕК

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.11.2022

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

11.11.2022

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №133 (6268) 10 қараша, бейсенбі, 2022 жыл.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАЛАУ

Қаланы көріктендіру қызметі үздіксіз жұмыс кестесіне көшті



Алматыда жауған жаңбырдың арты қар аралас жауынға ұласуына байланысты қалалық көріктендіру қызметтері су тасқыны мен көктайғақтың алдын алу бойынша тәулік бойы жұмыс жүргізуде.

2

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ҚАЖЕТТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Теміржол қатынасы жанданады



11 қарашадан бастап «Алматы – Қонаев – Алматы» электр пойызы қатынай бастайды.

Жылжымалы құрам «Алматы-1» станциясынан сағат 06.44-те жөнелтіліп, Қонаев станциясына сағат 08.35-те келеді. Ал Қонаев станциясынан сағат 19.15-те жолға шығып, «Алматы-1» станциясына сағат 20.50-де келеді. Электрлі пойыз тәулігіне бір рет жүреді.

Алматы облысы әкімдігінің мәліметінше, пойыз құрамында жалпы жолаушылар сыйымдылығы 175 орынды құрайтын 3 вагон бар. Қазіргі уақытта пойыз тоқтайтын платформаны жөндеу, абаттандыру жұмыстары аяқталып жатыр.

Еске салайық, 19 қазанда Алматы облысына жұмыс сапарымен барған Мемлекет басшысы Алматы мен Қонаев қалаларының арасындағы электр пойызын қайта іске қосуды тапсырған болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Shell компаниясының басшылығымен кездесті.
- Елімізде 1,5 млн-нан астам салымшы депозитіне 10 пайыздық өтемақы алуға өтініш берген.
- Астанада IV Халықаралық энергия үнемдеу форумы өтеді.
- 11-12 қарашада «Астана» Конгресс орталығында «Бедеулікті емдеудің заманауи тәсілдері» атты XIV халықаралық KAPM конгресі өтеді.
- «Аңсаған сәби» жобасы аясында 2,4 мыңнан астам бала дүниеге келді.
- Алматыда шахматтан әлем чемпионаты өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАЛАУ

Қаланы көріктендіру қызметі үздіксіз жұмыс кестесіне көшті

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мәліметінше, 8-9 қараша күндері жауын-шашынның болуына байланысты, қалада әл-Фараби даңғылының жоғары жағына 8–10 см қар түскен. 9 қараша күні таңғы сағат 7.00-де таулы аймақтағы түскен қардың деңгейі 15–20 см-ге жетті. Жалпы, ай басталғалы қалада нормасы 50 мм болатын 36,6 мм жаңбыр жауды.

Түнгі кезеңде 8-9 қарашадағы қарбаласқа 285 техника (оның ішінде 68 құм сепкіш) жұмылдырылып, 357 жол жұмысшысы тазалық жұмыстарына шықты.

Таулы және тау бөктеріндегі жерлерде көктайғақ құбылыстарының алдын алу мақсатында жолдардағы көктайғаққа қарсы ұнтақтар себілді. Көктайғаққа қарсы 763 тонна материалдар пайдаланылды. Сондай-ақ, қаланың жоғарғы бөлігінде тротуарлар мен қоғамдық көлік аялдамала-

рын қардан тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі сәтте Алматыдағы көріктендіру қызметтері үздіксіз жұмыс кестесімен жұмыс істеуде. Мәселен, кеше 9 қараша күні таңертең қала жолдарын тазарту жұмыстарына 377 техника (оның ішінде 77 құм сепкіш) және 1129 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Қазіргі уақытта қалада жолдар мен тротуарларды түскен жапырақтардан жаппай тазарту жұмыстары жүргізілуде. Аудан әкімдіктерінде жұмыс барысын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

«Қазгидрометтің» болжамы бойынша, бүгін түстен кейін жауын-шашынсыз, бұлтты, ауа температурасы +2...+ 4°C болады, түнде жаңбыр жауып, арты қарға ұласуы мүмкін. Түнде желдің жылдамдығы 3-8 м/с және ауа температурасы 0-2°C аяз күтілуде.

Сондықтан абай болыңыз! Жолдың қозғалыс бөлігінде пайда болуы мүмкін көктайғаққа байланысты жүргізушілер қозғалыс жылдамдығын төмендетіп, автокөліктер арасындағы қашықтықты сақтап, кенеттен маневрлер мен тежеулерден аулақ болғандары жөн.



ФЕЙК

ШЫНДЫҚҚА ЖАНАСПАЙДЫ

Кеше болған көлік апатына байланысты мамандар түсініктеме берді

«Алматыэлектркөлік» ЖШС автобустар тежегіштерінің істен шыққандығы туралы ақпараттың шындыққа жанаспайтындығын хабарлайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл 23 қыркүйекте №201 маршрут автобустарының саны арттырылып, жаңартылды. ЛиАЗ маркалы 18 автобустың

орнына 2022 жылы құрастырылған Golden Dragon маркалы 24 автобус жолға шығарылды. Аталған шара жолаушылар тарапынан сұраныстың артуына байланысты қолданылды.

Автобустар ауыстырылғаннан кейін жүріс интервалы 12 минуттан 6-7 минутқа дейін қысқарды. Аталған автобустар биыл мамыр айында сатып алынды, қазіргі кезде шығарушы зауыттың кепілдемесінде техникалық ақаулары жоқ, техникалық түйіндері мен агрегаттары, сондай-ақ тежегіштері ақаусыз жұмыс атқарып тұр.

(Осы оқиғаға қатысты қалалық жол полициясының хабарламасы – 9-бетте).

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КҮН СУЫДЫ,
САМОКАТ ТЕППЕҢІЗ!

Қыстың қыр астында тұрғаны барлығымызға аян. Өйткені, бұл мезгіл басқа жыл мезгілдеріне қарағанда көлік жүргізушілер үшін әлдеқайда қауіптірек.

Құралай
ЖҰМАДІТОВА

Өйткені, бұл кез күн қысқарып, ауа райы да қолайсыздау болып, көлік жүргізуді қиындата түседі. Осыны жақсы білетін қалалықтардың басым бөлігі қар түсе бастағанда жеңіл көліктерін тұраққа қойып, мүмкіндігінше қоғамдық көліктермен жүруге тырысады. Мәселен, дәл қазіргі кезең күн райы лезде бұзылып, аяқасты жаңбыр жаууы, ал оның арты қарға ұласа салуы әбден мүмкін. Алматылықтардың көбі міне осындай қарбалас сәттерде түрлі жол оқиғаларына түспес үшін көлік жүргізуден



бас тартады. Сол секілді, самокаттар да күн суыған кезде қауіпті. Бірақ полиция департаменті бүгінгі заңнама бойынша қысқы уақытта бұл құрылғыларды пайдалану ресми түрде шектелмегенін айтып отыр. Демек, бұл самокатпен қыста да жүруге болады деген сөз. Дейтұрғанмен, «апат айтып келмейді», «сақтансаң, сақтаймын» деген тәмсiлдi құрылғыны пайдаланушылар естен шығармаса екен.

Осыған орай, Алматы қалалық полиция департаменті қала тұрғындары мен қонақтарын қыс мезгілінде электросамокат секілді микромобильді қозғалыс құралдарымен жолға шықпауға кеңес беруде. Полицияның мәліметінше, қысқы мезгілде самокатпен жүру жүргізуші мен басқа да жол қозғалысына қатысушыларға қауіп төндіреді. Себебі, самокат жаңбыр мен қарда пайдалануға жарамсыз. Діттеген жеріме тез жетемін деп дертке шалдығып қалуыңыз мүмкін. Ендеше, күн суыды, самокат теппеңіз!

БРИФИНГ

ҚАУІПСІЗДІК –
БІРІНШІ ОРЫНДА

Алматыда тұрғын үй секторындағы өрт саны 20%-ға азайды.

Досбол
АТАЖАН

Алматы құтқарушылары Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында баспасөз конференциясын өткізіп, жылыту маусымы кезінде қалыптасқан ахуал туралы айтып берді.

Шаһарымызда жалпы өрт санының азаюына қарамастан, биыл тұрмыста газ жабдықтарын пайдалану кезінде 4 жазатайым оқиға тіркелгені белгілі болды. ТЖД мәліметше, төтенше жағдай кезінде 5 адам табиғи газбен уланған (оның ішінде 3 бала), тағы бес адам түрлі дәрежедегі күйік алған.

Ведомство өкілдері атап өткендей, төтенше жағдайдың туындауына газ аспаптарының мұржалары мен желдету арналарына сапасыз және немісқұрайлы техникалық қызмет көрсету себеп болған.

ӨКК брифингінде биыл 2 қазанда Медеу ауданында жеке үйлердің бірінде (оның жер-төлесінде) үй ішіндегі мұржаның ақаулығы (түтін мұржасы бөлшектелген күйде болған) салдарынан табиғи газбен бес адам уланғаны, оның ішінде 2019 және 2022 жылы туған екі бала уланғаны туралы айтылды. Олар ауруханада медициналық көмек көрсетілгеннен кейін үйге жіберілген. Тағы бір осындай оқиға 31 қазан күні Алатау ауданында орналасқан 2 қабатты жеке тұрғын үйде орын алған. Төтенше жағдай нәтижесінде 5 адам табиғи газбен уланған, оның үшеуі 2014 жылы, 2012 жылы және 2021 жылы туған балалар. Тексеруден және медициналық көмек көрсетуден кейін үйлеріне жіберілді.

Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Данияр Жүсіпов мегаполис тұрғындарынан өнімді сатуға сертификаты бар мамандандырылған ұйымдардан ғана газ баллондары мен газ жабдықтарын сатып алуды өтінді.

«Мамандардың қызметіне жүгініп, газ жабдықтарын жыл сайын тексеріп отыру қажет. Желдету арналарының дұрыстығын қадағаланыз, бөлмені үнемі желдетіңіз, әсіресе, ұйықтар алдында бір қарап алған жөн. Газ аспаптарын пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, сондай-ақ жылыту пештері мен газ аспаптарының жанында жиһаз және басқа да жанғыш заттарды орналастырмау, киім мен отынды кептірмеу өте маңызды», – деді құтқарушы.

Д.Жүсіпов қалада жылу беру маусымының басталуына орай жеке сектордағы өртке қарсы қауіпсіздікті бақылау шаралары күшейтілгенін айтты.



«Алматы құтқарушылары жеке секторды тексеру кезінде өрт қауіпсіздігінің 90-ға жуық бұзушылығын анықтады. Ондаған үйлер төмен жағдайда болды және мұржаларды тазалауды, пештің жарықтарын жабуды, электр сымдарын ауыстыруды, көміртегі тотығы датчиктерін орнатуды және басқа шараларды қажет етті. Халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше назар аударылды. Осылайша тізімдер түзетіліп, 792 тұрғын үй есепке қойылды. Осыған байланысты қыркүйек айында «Көмек қолы» акциясы ұйымдастырылды, оның барысында мұқтаж отбасыларға улы газ датчиктері орнатылды және бұрын орнатылған датчиктердегі батареялар ауыстырылды, басқа да атаулы өрт-профилактикалық көмек көрсетілді», – деді Данияр Жүсіпов.

Сонымен қатар, биыл 151 мың 934 жеке тұрғын үй есепке алынып, оның 1 мың 205-і қатты отынмен жылытылатыны белгілі болды. Бүгінгі күні олар 100% тексерілген.

Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы Қайыржан Ақшайықов 2018 жылдан бастап халықтың әлеуметтік осал топтарының 1340 үйі көміртек тотығы датчиктерімен жабдықталғанын хабарлады.

«Біздің тәжірибемізде көміртек тотығы датчиктері көмір тотығымен уланудың алдын алу арқылы өмірді сақтап қалған екі жағдай бар», – деді спикер.

Ол көміртек тотығымен улану бас ауруы, әлсіздік, бас айналу, есту және көру қабілетінің төмендеуі, жүрек айну түрінде көрінетінін айтты. Уланудың ауыр дәрежесінде адам есін жоғалтуы мүмкін, терісі бозарып, құрысулар пайда болады. Сайып келгенде, адамның жүрек соғуы мен тыныс алуы тоқтап, өлімге әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда жәбірленушіге дәрігер келгенше сауатты алғашқы көмек көрсету өте маңызды.

«Адамды таза ауаға шығарып, жатқызылғаннан кейін аяғын көтеріңіз, тар киімдерін шешіп және спирт иіскетіңіз. Егер жәбірленуші тыныс алмаса, алдымен тыныс алу жолдарын тазалап, оған жасанды жолмен дем алдырыңыз. Жедел жәрдем шақыруды ұмытпаңыз. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, өмірлік маңызды функцияларды қалпына келтіргеннен кейін жәбірленушіні емдеу мекемесіне жеткізуге тырысыңыз», – деді құтқарушылар.



РЕСМИ МӘЛІМДЕМЕ

ЕЛІМІЗДЕ ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Энергетика министрлігі республикада бензин мен дизель отынының 16 күнге жететін қоры барын мәлімдеді.



**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Елдегі мұнай өнімдерінің көлемі 250 мың тоннаға жетеді. Жауаптылардың айтуынша, жағдай бақылауда. Ал сарапшылар заңсыз бензин экспортын тыймаса, мұның арты үлкен тапшылыққа алып келетінін атап өтті.

Қазақстаннан шетелге бензинді заңсыз тасымалдау дерегі жиі тіркеледі. Өткен аптада ғана Павлодар облысында АИ-95 маркалы жанармайы бар 3 вагон цистерна- ны шекара асырмақ болғандар ұсталды. Олар құны 54 млн теңге болатын 165 тонна



бензинді «жанармай қоспасы» деген желеумен сатпақ болған. Жергілікті компания басшысы тағы 280 тонна бензині бар 5 вагон цистернаны Өзбекстанға жіберіп жатқанда құрықталды.

«Серіктестік директоры өз кінәсін толық мойындады. Тәркіленген бензин цистерналар мемлекет кірістеріне айналды-

рылды. Бұрын сатылған бензиннің құны 94 миллион теңге сотталғаннан мемлекет кірісіне өндірілді. Сот үкімімен ЖШС директоры кінәлі деп танылып, 3 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды», – деді ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Сарапшылардың айтуынша, жанармайды контрабандалық жолмен шекара асыру – елдегі тапшылықты қолдан жасаумен тең. Олжас Байділдинов көрші елді қарық қыламын дегендердің бұл әрекетіне тосқауыл керек деп есептейді. Айтуынша, соңғы 4 жылда Қазақстанда мұнай өнімдерін тұтыну қарқыны біршама өскен. Бірақ өндіріс көлемімен сәйкеспейді.

«Ресей мен бізде бензин литріне шамамен 150 теңге баға айырмашылығы бар. Қырғызстан, Өзбекстан елдерімен салыстырғанда да 100–120 теңгеге қымбатшылық сезіледі. Ал көршілес аспан асты елінде 200 теңгеге дейінгі айырмашылық бар. Бұл жағдайда заңсыз экспортқа сұра-

ныс жоғары болады», – деді сарапшы Олжас Байділдинов.

Заңсыз экспортқа сұранысты жою үшін сарапшы мұнай өнімдерінің бағасын теңестіруді ұсынады. Пайымдауынша, бұл сұйық отын тапшылығын болдырмаудың бірден-бір кепілі. Ал Энергетика министрлігі бензин мен дизель отынының 2,5 апталық қоры қалғанын айтады. Сөйте тұра, елдегі жағдай тұрақты екенін айтты.

«Бүгінгі таңда бензиннің жағдайы тұрақты. Тапшылығы жоқ деп сеніммен айта аламын. Мысалы, бензин мен дизель отынының қорлары 250 мың тоннаға дейін жетеді. Әрқайсысының қоры 16 күнге жетеді. Ол тұтыну мен толтыруды бірге есептегенде», – деді ҚР Энергетика министрлігінің басқарма басшысы Талғат Мақуов.

Елімізде кара алтын саналатын мұнай тәулік бойы өндіріледі. Министрлік өкілі тиісінше жанармай бекеттері үнемі толықтырылып отыратынын айтты.

ЖӨН ЕКЕН!

ЕЛІМІЗДЕ 28 МЫҢ АДАМНЫҢ НЕСИЕСІ ТОЛЫҚТАЙ КЕШІРІЛДІ

Онлайн қызмет көрсететін 25 компания бар. Бұл туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мәлімдеді. Елімізде жыл басынан бері микроқаржы ұйымынан қаржы алғандардың қарызы 45 миллиард теңгеден асқан.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Қазақстанда 246 микроқаржы ұйымы мен тек онлайн қызмет көрсететін 25 компания бар. Олар жыл басынан бері 100 миллиард теңгеден астам шағын несие берген. Бірақ оның 45 миллиардтан астамы әлі толық өтелмеген. Осыны ескерген Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жыл соңына дейін 28 мың адамның несіесін кешірімек.



«432 мың қарыз алушы микрокредит бойынша 33,1 миллиард теңге сомасындағы проблемалық берешекті қайта құрылымдау, кепілсіз микрокредиттер бойынша 107 мың қарыз алушының 0,8 миллиард теңгесі ішінара есептен шығару және 28 мың қарыз алушының 600 миллион теңге сомасында қарызын есептен шығару көзделеді», – деді ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі департаментінің директоры Дәурен Нәсімбаев.

БРИФИНГ

ДӘРІХАНАҒА ДА БІЛІМ КЕРЕК

Алматыда бүгінгі күні 1300-ден астам дәріхана ресми тіркелген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мұрат Мұхамедьяров айтты.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Ведомство өкілінің айтуынша, аталған департамент екі бағытта жұмыс істейді. Яғни медициналық қызмет көрсету сапасы және сала айналысындағы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы өнімдердің сапасын бақылайды.

Брифинг барысында Мұрат Мұхамедьяров фармацевтика қызметіндегі лицензиялау туралы да тілге тиек етті.

«Бұл қызметке денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық және прекур-

сорлардың айналымына қатысты өтініштер де кіреді. Біз тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың импорты мен экспортын үйлестіреміз, жақсы фармацевтикалық тәжірибені енгізуге қатысамыз. Біз де жоспардан тыс тексерулермен, профилактикалық бақылаумен айналысамыз», – деді департамент басшысының орынбасары.

Спикердің айтуынша, бұл саладағы жиі кездесетін заңбұзушылықтардың бірі – дәріхана мен медициналық ұйымдардағы дәрілік заттарды сақтау тәртібінің бұзылуы, сондай-ақ дәрілік заттарды рецептсіз беру. Басқа бұзушылықтар да болып жатады, бірақ өте сирек. Мысалы, биыл Қазақстан аумағында тіркелмеген дәрілік препараттарды сатудың екі дерегі тіркелген.

Әрі қарай Мұрат Мұхамедьяров дәріханаларға қойылатын талаптарға тоқталды. Егер дәріхананы жеке кәсіпкер ашса, онда жеке тұлғаның жоғары фармацевтикалық білімі болуы, үй-жайдың ауданына қойылатын талаптарды сақтауы (дәріхана үшін ол кемінде 30 шаршы метр), қажетті құрал-жабдық болуы керек.

«Бүгінгі күні бізде 1353 дәріхана, 341 дистрибьютордың көтерме қоймасы және 32 өндірістік нысан (оның ішінде 16-сы дәрі-дәрмек шығарумен айналысады) деректер базасынан өтеді», – деді ӨҚК спикері.

ТҰСАУКЕСЕР



«ЕРТЕ СӨНГЕН ЖҰЛДЫЗ»

Қалжан Нұрмахановқа арналған кітап жарыққа шықты

ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында Маржан Нұрмаханова құрастырған «Ерте сөнген жұлдыз» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Бұл кітап халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, әдебиет сыншысы, аудармашы, драматург Қалжан Нұрмахановқа арналған.



**Досбол
АТАЖАН**

Кешті белгілі акын, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып жүргізді. Лента кию рәсіміне Дандай Ысқақұлы, Сейфолла Оспан, Қаназ Молдахмет, Зинол-Ғабден Бисенғали қатысты.

Белгілі акын, аудармашы, Ахмет

Байтұрсынов атындағы жұлденің иегері Сейфолла Оспан, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі Қансейіт Әбдәзұлы, акын, журналист, этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қасымхан Бегманов және өзге де тұлғалар тұсаукесер барысында сөз сөйледі. Сонымен қатар, Қалжан Нұрмахановтың қызы Маржан Қалжанқызы қорытынды сөз сөйлеп, әкесі туралы естеліктерімен бөлісті.

Шара барысында Алматы университеттерінің студенттері ән салып, өнер көрсетті. Сондай-ақ, іс-шараға ҚР Ұлттық кітапханасының қорынан Қалжан Нұрмахановтың шығармашылығы мен өміріне арналған «Қиядан шалған қыран» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жаңа кітап іс-шара соңында ҚР Ұлттық кітапханасының қорына сыйға тартылып, қатысушыларға табысталды.

ХАБАРЛАНДЫРУ


ТӨЛҚҰЖАТ ЦИФРЛАНДЫ

Бұдан былай қазақстандықтар құжаттарын цифрлы төлқұжат eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы алуына болады. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин хабарлады.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Министрдің айтуынша, әзірге цифрлық паспортты жеке куәлікке ұқсастығы бойынша жеке басын сәйкестендіру үшін



Қазақстанда ғана пайдалануға болады. Өлбетте, мұндай қажеттілік куәліктің жоғалуы немесе оның жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда туындауы мүмкін.

Айта кетейік, Қазақстанда жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ПТР-сынамалар, туу және неке туралы куәліктер және т.б. 18 құжат сандық форматқа аударылды.



БҮГІН – ЦИФРЛАНДЫРУ КҮНІ

БҮГІН МЕН
БОЛАШАҚТЫҢ
МАМАНДАРЫ

Бүгін елімізде Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күні аталып өтіп жатыр. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойып, 17 мамырда аталып өтетін Байланыс және ақпараттандыру қызметкерлері күні мерекесі Байланыс қызметкерлері күні болып өзгертілген болатын.

Досбол
АТАЖАН

Жаңа кәсіби мерекені бекітуге сала қызметкерлерін қолдау мақсатында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бастамашы болды.

Бүгінде бұл саладағы қызметкерлердің жалпы саны 155 мыңнан асады.

Цифрлық трансформация – қоғамның өмір сүру сапасын жақсартатын, еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ететін, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Мысалы, enbek.kz сайтында 420-дан астам программист маманның қажеттілігі туралы хабарландыру жарияланған.

Соңғы жылдары еліміз ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің аркасында цифрландыру саласында бірқатар жетістіктерге жетті. Азаматтарымыз бұрынғыдай әртүрлі мекемелердің табалдырығын тоздырмай, оның орнына «eGov mobile», «e-Salyq» сынды қосымшалар арқылы қажетті құжаттарын рәсімдей алатын болды. Биыл Қазақстан БҰҰ электрондық үкіметті дамыту жөніндегі рейтингінде (UN Global e-Government Development Index) 193 мемлекеттің ішінде 28-орынды иеленді. Атап айтқанда, «онлайн-қызметтер сапасының индексі» бойынша еліміз 8-орында. Мұндай жетістіктерге жетуде мемлекет тарапынан цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласы мен жалпы техникалық мамандықтарға мән берілуінің оң әсері болғаны сөзсіз. Биыл 2022-2023 оқу жылының өзіне Президент тапсырмасы бойынша техникалық мамандықтарға 60% грант бөлінді. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасында техникалық және IT-мамандықтарға берілетін грант саны жалпы гранттардың 36%-ынан 60%-ға дейін ұлғайтылды.

Әлемдік тәжірибе ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің дүние жүзіндегі басты мамандықтардың біріне айналатынын көрсетіп отыр. Еліміздің өзге мемлекеттермен терезесі тең болуы үшін бұл саладағы мамандарды әлі де көбейтіп, олардың үздіктерін өз Отанымызда сақтап қалатындай жағдай жасауымыз керек.

САУАЛНАМА

АЛҒАШҚЫ АЙЛЫҚТЫ
ҚАЙДА ЖҰМСАДЫҢЫЗ?

Бүгін – Дүниежүзілік жастар күні. Бұл мереке 1945 жылы 10 қараша күні Англия астанасы Лондонда өткен Дүниежүзілік жастар конференциясының аяқталуына орай ұштастырылған. Қазіргі уақытта мемлекетіміз жастарды қолдауға аса мән беріп отыр. «Жас маман», «Жас кәсіпкер» сынды мемлекеттік жобалардан бөлек, шаһарымызда «Алматы жастары» атты бағдарлама қолға алынған. Оған қоса, Қазақстан жастарының бүгінгі қоғамдық-саяси белсенділігі мен ғылым-білімге құштарлығы да жоғары деңгейде екенін айта аламыз. Осы орайда, Алматы жастарының алғашқы еңбекақыларын қайда жұмсағанын анықтауды жөн көрдік.

Дастан АҚҚОЖА,
фрилансер:

– Мен алғашқы жұмысымды даяшылықтан бастадым. 14 жасымда тойханаға банкет кезінде шығып, бір жұмыс күніне 2 мың теңге алатынымын. Осылай екі-үш ай жұмыс істеді, жинаған ақшамды мектеп формасын алуға жұмсадым. Сондай-ақ, қалған қаражатыма репетиторларға бардым. Ал алғашқы ресми жұмысым университеттің қабылдау комиссиясында болды. Шамамен, айлық 40 мың теңге еді. Ол ақшаны өз оқуыма төлеу үшін жұмсадым.

Жанерке ОРТАЕВ,
магистрант:

– Менің Алматыға келгендегі алғашқы жұмысым «Қазақфильмде» «хлопушка» (кадр басталатынын тақтайша арқылы көрсетіп отыру) болудан басталды. «Асан» атты кысқаметражды фильм түсіріліміне қатыстым. Жұмысым бар-жоғы 6 күнге созылды. Бұл жұмысым үшін 25 мың теңге алдым. Оқуға қала сыртынан қатынаған соң, ол ақшаны мен жол жүрісіме жұмсадым. Одан кейін ресми істеген жұмысым – ірі зергерлік компанияда сату менеджері болдым. Нақты белгіленген 70 мың теңгеден бөлек, жалпы сатылым қаражатынан белгілі бір пайызы төленетін еді. Одан алған алғашқы айлықты мен бірнеше айға бөліп төлеуге алған телефонымның қарызын жабуға жұмсадым.

Назархан УӘН,
жас маман:

– Журналист жұмыс істегенде шындалады дегенді студент кезде көп еститінбіз. Сондықтан оқумен қатар тәжірибе жинағым келді. Сөйтіп, жоғары курстарға барғанымда жұмыс іздей бастадым. Алайда, көптеген танымал сайттар мен телеарналар 2-3 жылдық тәжірибе сұрап жұмысқа алмайтын. Сөйтіп жүріп алғашқы жұмысыма пандемия алдында 2020 жылы орналастым. Кішігірім сайтқа журналист болып кірдім. Ол жерде айлығым – 25 мың теңге болды. Алғашқы еңбекақымды қолыма алғанда пандемия басталып кетті. Сол себепті, бірінші айлығымды үйге азық-түлік алуға және өз-өзімді дамытуға арналған онлайн-сабақтар сатып алуға жұмсадым.

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ТУРИЗМ

Әлеуметтік жобаның
таныстырылымы өтті

Мегаполисте «Туристтік Қамқор» қоры ұйымдастырған кеңейтілген конференция болады

Іс-шарада өнімдерді әртараптандыруға, сондай-ақ туроператорлар мен туристік агенттіктерге арналған «tourcode.kz» әлеуметтік жобасының таныстырылымы өтті. Сондай-ақ, туризм саласында еселі еңбек атқарып жүрген жандарды, компания қызметкерлерін Алғыс хаттармен марапаттады.



стандықтардың сыртқы туризм бойынша, солардың құқығын кепілдендіру жүйесі бойынша өткізіліп отыр. Ол жүйе 2016 жылдан бастап енгізілген. Бұл жүйе пандемия кезінде өзінің тиімділігін көрсетті. Ол кезде шетелде 6 мыңдай турист қалып қойды. Көптеген аэропорт жұмыс істемей, кей ұшақтар қабылдамай қойған еді. Сол кезде жүйе бюджеттен ешқандай қаражат алмай-ақ туристердің елге оралуларына көмек көрсеткен болатын. Осы секілді мәселелер мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жиында талқыланды. Сондай-ақ, туристерге қолдайлы болу мақсатында келеңсіз жайыттардың алдын алу керектігі айтылды», – дейді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рыспеков.

Аталмыш қордың бүкіл қызметін бүге-шігесіне дейін интернет кеңістігінде, яғни www.fondhamkor.kz сайты арқылы оқып-білуге болады. Ондағы ақпараттар турагент, туроператор және туристке қолжетімді. Сайтта туристерге әлдебір төтенше жағдайға тап болғанда, қайда, кімге жолығуы керектігі, «Туристтік Қамқор» қорына қандай деректер беруі керектігі айтылған. Бұдан кейін жүйе әкімшілігінің жұмысы басталып, ол шұғыл кеңес шақырып, туриске ауырталдық түсірмей, жағдай жасау әрекеттеріне көшуге шешім қабылдайды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Іс-шара кепілдік беру жүйесін екі жылда бір рет өткізетін шара. Бұл жерде біздер қордың осы уақытқа дейін атқарған қызметтері, туризм саласында қандай жаңалықтар бар екендігі, туристік заңнамада қандай өзгерістер болғандығы жайлы атап өтеміз. Қуантарлық жаңалықтардың бірі – «tourcode.kz» порталының ашылуы. Ол жерде барлық туристік агенттіктер жайлы мағлұмат ұсынылады. Ішкі туризм, сыртқы туризмнің мәліметтері бар. Енді шетелде, елімізде демалуды жоспарлап жүрген азаматтарымыз еш қиналмайтын болады», – дейді «Туристтік Қамқор» қорының директоры Асылхан Есілов.

Осы ретте ақпараттық порталдың туроператорлар мен турагенттіктердің сауаттылығын арттыруға бағытталған, сондай-ақ шетелге шығатын Қазақстан Республикасының азаматы үшін жолсерік болып табылатын әлеуметтік жоба ретінде құрылғанын ерекше атап өткеніміз жөн.

«Бүгінгі жиынымыз қазақ-

ӘЛЕУМЕТ

Екі тарапты
жақындастырадыНұржамал
ӘЛШЕВА

Жұмыссыздық тақырыбы күн тәртібінен әлі де түсе қойған жоқ. Ол – бүгінгі қоғамда бар мәселе. Сондықтан да жұмыссыздықпен күрес Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының негізгі бағыттары болып саналады.



ру, соның ішінде Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылып жатқан түрлі жобаларға жүйелі түрде қатысу жатады.

Үшіншіден, жұмыс берушілердің сұрауы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдама беру; жұмыс берушілердің жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдама беру.

Төртіншіден, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға (400 АЕК-ке дейінгі бастапқы бизнесті қайтарымсыз негізде жүзеге асыруды жоспарлағандар үшін) гранттар беруді үйлестіреді.

Сіз егер жұмыс іздеп жүрген болсаңыз, жоғарыда айтылған түрлі жобалар туралы толығырақ қанық болғыңыз келсе, Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығына (Достық даңғылы, 85-үй, байланыс нөмірі 7 (727) 310-21-31) келіңіз. Онда өзіңізді толғандырып жүрген сауалдарға мамандар толыққанды жауап беріп, жол көрсетеді.



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

АЛАТАУ АУДАНЫ

Сөзімізді жерге тастаған жоқ



Шаһар басшысымен өткен кездесулер көп мәселенің түйінін шешеді. Өйткені, кездесуде айтылған тұрғындар өтініші көп ұзамай орындалып жатыр.

Мәселен, Алматы қаласы әкімінің Алатау ауданы тұрғындарымен кездесулердің бірінде көтерілген 90-ға жуық сұрақтың 70-сі шешілген. Нақтырақ айтсақ, Жәдігер көшесінде жүргіншілерге арналған тротуардың жоқтығынан ойын балалары көшеде көп ойнай алмайтын. Өйткені, тротуарсыз жолда жүру өте қауіпті. Асфальт та ескіріп, жолдың барлығы ойық-ойық болып кеткен. Ал қазір бұл маңда тактайдай тегіс жол бар. Алатау ауданы әкімдігі Жәдігер көшесінен бастап №184 мектепке дейінгі аралыққа орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізді.

«Ой, үлкен де, кіші де қуанып жатырмыз. Бұрын мұнда көлік емес, адам жүру мүмкін емес еді. Міне, Алматы әкімімен кездесудің нәтижесі. Тамаша ғой! Мердігер компаниялар таңның атысы, күннің батысына дейін жұмыс істеп, көшемізді жөндеп берді. Тротуар да жасалды. Ас-

фальт төсеген кезде өзіміз де көзімізбен көрдік, жұмысшылар түнгі сағат 23.00-ге дейін жұмыс істеді. Еңбектері елене берсін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген, қала әкіміне, аудан әкіміне ризамыз!», – дейді алатаулық тұрғын Алмагүл Нұрахметқызы.

Жол мәселесі «Өжет» шағынауданында да болған. Осыған дейін елдімекенді орталық су және кәріз жүйесіне жаппай қосу үшін құбыр жүргізілді. Жұмыс жүру үшін жер қазылып, халыққа біраз уақыт қолайсыздық тудырғаны рас. Енді барлық тиісті жүйе тартылған соң әкімдіктерілер көшелерге асфальт төседі.

Алатау аудандық коммуналды шаруашылық бөлімінің бас маманы Қуатбек Мақашевтің айтуынша, биыл «Өжет» шағынауданында 1,1 шақырым орташа жол жөндеу жұмысы жүргізіліп, жол мәселесі 100% қамтылған.

Бағдаршам орнатты

«Жалпы, қала әкімімен өткен кездесулердің нәтижесі жақсы. Олай дейтінім, кездесуде Ерболат Досаевқа тұрғындар қойған сұрақтар сол мезетте жауапты адамға жүктеледі. Қажет болса, әкім өзі бақылауына алатынын айтады.



«Мәселен, біз қала әкіміне қауіпсіздік мәселесін көтеріп, жолды жиі кесіп өтіп, мектепке баратын балаларымыз үшін қажет деген жерлерге бағдаршам орнатып берулерін өтінген болатынбыз. Өзіміз күні бойы жұмыстамыз, балаларымыз мектепке өздері барады. Сол кезде жанымызды шүберекке түйіп, уайымдап отырамыз. Мәселеміз шешілді. Ауданда қазірдің өзінде 6 бағдаршам орнатылып үлгерді. Міне,

соның төртеуі Момышұлы көшесіне қойылған. Яғни кездесуде қала әкімі тапсырма берді, аудан басшылығы оны көп созбай, орындады. Ризамыз. Бізге керегі жайлы, алаңсыз өмір ғой... Еңбектері жемісті болсын! Алматының барлық аймағында жұмыстар осылай жүйелі, сапалы жүргізілетін болса, шаһар алмайтын қамал жоқ қой, негізі», – дейді Бақытжан есімді азамат.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Аулаларымызға сән кірді

Алмалы ауданының тұрғыны редакциямызға өздері тұратын аулаларындағы жаңашылдықты айтып, қала басшылығына, аудан әкіміне ризашылығын білдіріп, былай деп хат жазыпты.

«Құрметті редакция! Билік басында жүрген азаматтардың еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Алматы көлемі жағынан да, әлеуеті жағынан да шағын бір қала емес, Алматы – әлем көз тіккен, миллиондаған тұрғыны бар алып мегаполис. Сондықтан мұнда барлығы бірден жасалып, ертегідегідей жайнап кете салмайды. Ондай күнге жету үшін халыққа сәл де болса сабыр керек.

Мәселен, біз «халық үнін еститін мемлекет» деп тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, көптің сөзін елеусіз қалдырмай, елдің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан азаматтарды айтамыз. Мұндай азаматтар Алматыда жоқ емес, бар. Тек соларды көре білетін бізге көз керек. «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарында бұл үрдіс жақсы көрініс тапқан. Оқырманды орындалған жұмыстар жайын-

да жиі хабардар етіп отырады. Мен Алмалы ауданының тұрғынымын. Біздің ауданда да атқарылып жатқан, тұрғындардың көңілінен шығатын жұмыстар көп. Жақында ауданымыздағы Шағабутдинов көшесі, 45, 47, Әйтеке би көшесі, 148, 150 және Мұратбаев көшесі, 108, 110 үйлерін біріктіретін екінші аула күрделі жөндеуден өтті. Міне, қараңыздаршы, кәдімгі заманауи үлгідегі балалар алаңы. Аулаларымыздың сәні кіріп қалды. Мұндай жерде бала да, баланың ата-анасы да алаңсыз серуен құрып, ойынын ойнайды ғой. Тұрғындар осы жасап берген алаңды күтіп ұстаса болғаны. Сонда бұл алаң әлі талай балаға қызмет етеді. Біз күн санап көркейіп келе жатқан Алматыдай алып шаһарда тұратынымызды мақтан тұтамыз», – дейді оқырманымыз.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛГЕН ХАТ

Сүйікті газетіме жазылдым

«Almaty aqshamy» газетінің редакциясына Жақсылық Тазабек есімді тұрақты оқырманымыздан хат келді. Онда хат иесі алдағы газетке жазылу науқанында біздің басылымға тағы да жазылғанын айта келіп, қаланың тыныс-тіршілігіне қатысты өзін толғандырып жүрген мәселелерге тоқталыпты.



«Жазылу науқаны басталды» деген соң, соңын күтіп отыра алмай, өзім жақсы көретін, 26 жылдан бері үзбей жазылып келе жатқан газетіме 22 қазан күні жазылып, түбіртегін жіберіп отырмын», – деп бастапты хатын оқырманымыз.

Жасыратыны жоқ, қазір газет оқитындар бұрынғы кездегіден әлдеқайда азайды. Себебі, қоғам барлық жаңалықты ғаламтордан оқиды. Бірақ сол ақпараттардың қайсысы шынайы, қайсысы жалған оны ешкім дөп басып айту қиын. Сондықтан көзі ашық, көкірегі ояу жан барлық ақпаратты һәм жаңалықты газет бетінен оқығанды құп көреді.

Жақсылық Тазабек аға да сол жандардың қатарынан екені анық. Өйткені, ол газеттің әлеуметтік желі арқылы тарайтын ақпараттарға қарағанда артықшылығы көп екенін жақсы біледі. Расында да газетте біріншіден, сенімді дерек көзінен алынған, сарапталған, сауатты оқылып, тексерілген материалдар бірнеше қолдан өтіп барып жарияланады. Екіншіден, сараптамалық, танымдық материалдар бәрібір газетке деген сұранысты жоғалтпайды. Оқырманымыз да басылымда мүмкіндігінше осындай

танымдық, сараптамалық мақалалар мен танымал тұлғалар, қарапайым еңбек адамдары жөніндегі қызықты мақалаларды жиі жариялап тұруымызды өтініпті. Ол хатында «Екі миллион халқы бар қалада 500000 жанұяның 70%-ы қазақ отбасы деп санасақ, соның оннан бірі газетке жазылса, басылымдардың таралымы да көбейер ме еді?!» деген ойын да жазыпты.

Жөн-ақ, Редакция алқасы оқырманымыздың өтінішін, талап-тілегін ескеріп, алдағы жылы ел қызығып оқитын мақалалармен толықтырамыз деп уәде береміз. Жалпы, ғалымдардың зерттеуінше, оқырман ғаламтордан бір материалды 40 секундқа дейін ғана қарай алады екен. Ал сіз газетті қалаған уақытыңызда асықпай оқуға мүмкіндігіңіз бар.

Ендеше, Жақсылық ағамыз секілді Сіз де газетке жазылып, «Жазыл да, ұтып ал!» байқауына қатысыңыз. Бәлкім, бағалы сыйлықтардың біріне ие болып қаларсыз. Өйткені қазір «Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу жүріп жатыр.

**Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**



САЙЛАУ-2022

«ЕРКІНДІК. ӘДІЛДІК.
ЫНТЫМАҚ!»

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия атынан президенттікке үміткер Нұрлан Әуесбаевтың сайлауалды бағдарламасы



Біздің ұранымыз – «Еркіндік. Әділдік. Ынтымақ!». Біз әр шешімі азаматтарымыздың игілігіне жұмыс істеп, пайдасына асырылатын әлеуметтік тәртіпті орната алатынымызға сенеміз.

Мемлекет пен экономиканы әділ басқаруды қалыптастыру үшін саяси жүйемізді өзгертуге тиіспіз. Биліктің шоғырлануына жол бермес үшін басқару формасына қарай Қазақстан президенттіктен парламенттік-президенттік республикаға айналады.

• Президент жоғары билік монополиясы болуын доғарады және халықаралық жоғары өкілдік қызметтерін атқарып, билік органдары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, мемлекет қауіпсіздігіне

жауап беріп отырады.

• Сенат таратылады, ал Мәжіліс заң шығаратын жалғыз билік органы болып қалады.

• Үкіметті құру құқығы Мәжіліске беріледі. Президент жай ғана министрлер кабинетінің құрамын бекітеді.

• Мәжіліс құрамының 50%-ы партия тізімі бойынша, ал қалған 50%-ы бір мандаттық округтардан құрылады.

• Жемқорлықтың ең басты тосқауылы ретінде халықтық парламенттік бақылау жасақталады.

• Орталық және жергілікті атқару органдарында барлық деңгейдегі депутаттар мен шенеуніктердің кіріс-шығысы туралы міндетті жария декларация шұғыл түрде енгізіледі.

• Бюджет процедуралары жетілдіріледі. Әр елдімекенде өзіне тиесілі ашық бюджет жасақталып, нақты уақыт режимінде онлайн негізде мемлекет ақшасының қалай және қайда жұмсалып жатқандығы ашық көрсетіліп отырады.

• Біз БАҚ-қа қолдау көрсетеміз – алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тергеу жұмыстары басты журналистік жанрға айналуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық қызметкерлері парламенттің қорғауында болады, азаматтық қоғам мен депутаттар арасында үздіксіз диалог орнатылады.

• Жемқорлық қылмыс жасағаны үшін мерзімінен бұрын босату құқығынсыз барынша ұзақ мерзімге жазаланатын болады.

Біз қазақстандықтардың өмір сапасының стандартын енгіземіз. Медицина және білім беру саласы бюджеттен қаржыландырылады. Әр салаға жылына ЖІӨ-нің ең кемі 5–7%-ы бөлінуі керек. Сондай-ақ, тұрғын үй бағдарламаларын толықтай қайта қарастырамыз. Біз әділеттілік және еркіндік арқылы қайшылықтар мен жүйелі мәселелерді жеңе аламыз деген сенімдеміз.

Насихаттық материал Қазақстан Республикасының Президентітігіне кандидат Н.С.Әуесбаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді. Жауапты тұлға – Бас редактор Төрхан Данияров

ЖОЛДАУ-2022

Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА,
«Серпіліс» қоғамдық қорының президенті:

МЕМЛЕКЕТТІК
ТАПСЫРЫС

Егер жұмыс жүйелі жүргізілсе, тауар мен қызмет көрсету сапасы да жақсарар еді



Мемлекет өзіне қажеттің бәрін – қызметті, тауарды, әлеуметтік жобаларды осы мемлекеттік тапсырысты беру арқылы реттейді.

Мемлекеттік тапсырыс –

мемлекеттің қаржысын жұмсаудың бірден-бір механизмі. Қазіргі таңда кез келген мемлекеттік мекеме сыпырғы керек болса да, мемтапсырысты пайдаланып, тендер жариялайды. Қаржы осы мемтапсырыс арқылы айналып жатыр. Егер осы жүйе сапалы жұмыс істейтін болса, сапалы қызмет көрсетіледі, сапалы тауар алынады.

Жолдауда «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануға тиіс деп айтылды. Қазір көптеген жоба кейбір кәсіпкерлер мен шенеуніктердің майшелпегіне айналды. Келісім-шарттар ашық және конкурстық негізде жасалуға тиіс. Осы мақсатта тиісті заң қабылдау қажет. Жолдаудың осы бөлігі орындалса, қоғамда айтарлықтай өзгеріс орын алатынына сенуге болады.

20 қараша
ноября 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы

Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады

Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды

Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

САЙЛАУ-2022

ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматылықтар сайлау учаскелеріне 2GIS және Yandex Maps қосымшаларының көмегімен бара алады. Дауыс беру орындары картада белгіленеді.



Аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Жанна Асанова ӨКҚ брифингінде кезектен тыс президенттік сайлауға мегаполистің дайындығы туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Оның ақпараты бойынша, Алматыда 4 қарашадан бері 531 сайлау учаскесі ашылған.

«Сайлау учаскелерінің мекен-жайлары көрсетілген толық тізім «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің баспа нұсқаларында, олардың сайттарында, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің сайтында жарияланған», – деді Ж.Асанова. Сонымен қатар, Алматыда өз сайлау учаскесін тексеру үшін «1315» бірыңғай нөмірі құрылды. Барлық ұялы байланыс операторларының абоненттері үшін қоңырау шалу тегін. Call-орталық демалыс күндерін қосқанда күн сайын 8.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Алматы қаласы әкімдігінің «Open Almaty» қоғамдық қабылдау сайтында және Білім басқар-

масының мемлекеттік қызметтер порталында сайлаушылар тізімдерінен өзін тексеруге мүмкіндік беретін сервис қолжетімді.

«Біздің сайлаушылар тізімдері тұрақты тіркеу қағидасы бойынша жасалған. Әкімдіктер сайлаушылар тізімін тапсырған кезде біздің Алматы қаласында сайлаушылар саны 1 миллион 170 мыңнан асты. Сайлау учаскелеріне барлығы 11 мыңнан астам есептен шығару куәліктері тапсырылды», – деді Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Жанна Асанова.

Ол есептен шығару куәлігі не үшін керектігін түсіндірді.

«Шартты түрде мен Алматыда тіркелгенмін, дауыс беру күні Таразда болуды жоспарлап отырмын. Мұндай жағдайда мен өз құқығымды пайдалану үшін өз учаскеме барып, дауыс беру құқығын пайдалану үшін есептен шығару талон алуым

керек», – деп түсіндірді Ж.Асанова.

Бүгінде барлық сайлау учаскелері сайлау жәшіктерімен, мемлекеттік рәміздермен жабдықталған. Барлық учаскелік комиссиялар кандидаттар туралы ақпараттық материалдармен, сондай-ақ сайлаушыларды қызықтыратын әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Бұл ретте кандидаттар туралы ақпараттық материалдарды үгіт материалдарымен шатастырмау керек. Барлық сайлау учаскелерінде барлық ақпарат бірыңғай форматта.

«Қазіргі таңда сайлау учаскелерінің мекенжайларын танымал 2GIS, Yandex Maps қосымшаларына енгізу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс аяқталуға жақын. Сайлау күні жақындаған кезде кез келген сайлаушы өз сайлау учаскесінің геоокациясын таба алады», – деді Ж.Асанова.

Сөз соңында ӨКҚ спикері зағип сайлаушылар үшін арнайы трафареттердің дайындалатынын айтты. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған бұрыштар жабдықталады: бейнероликтер, ақпараттық материалдары бар аудиороликтер және мүгедектер арбасына кіруге арналған кеңейтілген орындар. Жанна Асанова барша қазақстандықтарды сайлауда белсенді болуға шақырды.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол – бәрімізге ортақ. Оның өзіндік ережесі бар. Оған бағынбауға болмайды. Олай еткен кедергі келеді. Соңында кісінің наласына қаласыз. Сондықтан сақтанып жүрген жөн.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ!

ӘРКІМНІҢ ӨЗ ЖОЛЫ БАР

XX ғасырдың басында Ұлыбританияны басқарған Уинстон Черчилль «біздің өміріміз – біржақты қозғалыстағы жол секілді. Сол себепті, өз бұрылысында өткізіп алмау маңызды, себебі кері қарай жол жоқ» депті. Онысы – рас! Осы күні жолда жүрудің жөнін ұмытқандаймыз. Көлікпен кез келген жерден бұрыламыз. Жаяу жүрсек, белгіленбеген ортадан кесе жөнелеміз. Бәріміз асығыс-үсігіспіз. Түсінеміз, қала қарбалас. Баршамыз диттеген орынға жетуді ойлаймыз. Ал бірақ жол ережесін сақтауға енжармыз. Кейде жылдамдықты арттырып жібереміз. Жан-жағымызға қарамаймыз. Осылайша сапырылыса берсек, арты не болмақ?!

Елімізде жол жүру ережесін сақтауға аса мән берілуде. Жыл сайын заң қатайып келеді. Бұрынғыдай жүргізуші куәлігін оңды-солды табыстамайды. Ол үшін электронды бақылаудан өтіп, тест тапсырасыз. Өзіндік ережелері бар.

Алматы – алып шаһар. Мұнда келуге барлығы ынттық. Күніне бірнеше жүздеген көлік қалаға кіріп шығады. Дәл уақытында жұмысқа баруды көксейміз. Үлгермесеңіз, өзімізді біртүрлі сезінеміз. Әйтеуір әркімде әртүрлі жағдай бар. Біреу асығады, екінші баяу жүреді. Ал үшіншіге «екі қойың бір сом».


техникалық сипаттамалары «Жол белгілері мен сигналдары туралы» Конвенция (Вена, 1968) мен осы Конвенцияны толықтыратын Еуропа елдері келісімі (Женева, 1971) талаптарына сәйкес жасалады. 1998 жылға дейін Қазақстанда 1987 жылы КСРО-да қабылданған жолда жүру ережелері қолданылды. 1998 жылдан республикада жолда жүрудің жаңа Ережелері қабылданған. Осы ережелерге сай жол белгілері мемлекеттік стандарттар негізінде анықталады. Бұл стандарттар бойынша, жол белгілері 7 топқа бөлінеді:

1. Ескерту белгілері;
2. Басымдылық белгілері;
3. Тыйым салу белгілері;
4. Міндеттеу белгілері;
5. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері;
6. Қызмет көрсету белгілері;
7. Қосымша тақтайшалар.

енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елдімекендер мен басқа да нысандардың орналасуы туралы хабарлайды. Олардың өлшемдері, пішіндері мен түстері әртүрлі болып келеді. Қызмет көрсету белгілері жол бойында және жолдан әртүрлі қашықтықта орналасқан қызмет көрсету нысандары туралы ақпарат береді. Пішіндері тіктөртбұрыш болып жасалып, жиектері қалың көк жолақпен көмкеріледі, ақ түсті ортасында нысандар туралы шартты белгілер көрсетіледі. Олардың жалпы саны – 12.

жерінен кесіп өтуде. Үлкен даңғыл бойында көліктер ағылып жүруде, оған пысырмайтындыр да табылып жүр. Көшені жаяу жүргінші жолағына жетпей қақ ортасынан, заңға бағынбай кесіп өтерін қайтерсіз. Кейде қолына бала ұстағандар сөйтеді. Мұның соңы не болмақ?! Көліктің табанына басылса, дәп оқиға орнында жантаушы етеді ғой.

Сол себепті де, Абай көшесіне бұрынғыдай темір қоршауды қайта орнатқан абзал. Сонда келеңсіз жағдайдың алдын алған боламыз.



• **Қосымша ақпараттық белгілер (тақтайшалар) бірге қолданылатын жол белгілеріне қосымша ақпарат беруге арналған. Негізінен түсі ақ, төртбұрыш кестешелер түрінде жасалып, ортасына қосымша ақпараттардың шартты белгілері келтіріледі. Жол белгілері жолдың (жүріс бағыты бойынша) оң жағына биіктеу бағанаға немесе жолдың үстіне биіктетіп орналастырылады.**

Олар 100 м қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады.

ӘБЕСТІКТІҢ АРТЫ МҰҢ

Алматыда тіршілік қауырт. Мұны қана айтсаң да артық емес. Дегенмен, заң бәрімізге ортақ. Оны құрметтеу үлкен парасаттылық.

Мегаполистегі ең үлкен даңғыл – Абай. Оның бойынан қаланың батысына да, шығыс, оңтүстік, солтүстік бағытына шыға аласыз. Әсіресе, қауырт қозғалыс таңертең және кешке орнайды. Қаз-қатар тізілген көліктер, дабыл қаққан көліктер. Құдды бір арнайы мереке болып жатқандай көрініс береді. Соның арасынан жаяу жүргінші жолын тауып өтіп жатады. Жүгіріп өтетінін қайтерсіз. Ақ қар, көк мұздағы ахуал қиындай түседі.

Бұрын Абай даңғылының арғы жағы мен бергі тарапын бөліп тұратын ортада темір қоршау болатын. Бүгінде ол жоқ. Кім көрінген бағдаршамды елемей, кез келген

САНА ӨЗГЕРУІ КЕРЕК

Қазақта «кісінің обалына қалма» деген аталы сөз бар. Бұдан артық майын тамызып, айта алмаспыз. Дегенмен, ескеретін дүние көп.

Бағдаршам – нағыз бағыт! Білген жан мұны елейді. Егер жүргізуші мен жаяу жүргінші бір-біріне құрмет танытса, болғаны. Қалғаны өздігінен шешіледі. Әйтпесе, қайғылы жағдайға душар бола береміз.

Ең керекті қағидалар бар. Соны естен шығармайық. Барша ой-санамызды соған бағыттайық. Оның жөні өте қарапайым.

ҚАҒИДА:

- Сақтық;
- Қырағылық;
- Ережеге бағыну;
- Жан-жағымызға құрмет.

Міне, өзіміз көріп отырғанымыздай, бағдаршамды елеп қызылға өтпей, жасылда жүрсек. Сарыда дайындалсақ болғаны, ары қарайғы шаруа өз ретімен жүзеге асады. Осы тұста жүргізуші мен жаяу жүргінші кінәрат жіберсе, қағида бұзылады. Мұның арты дене жарақатына, тіпті қайғылы оқиғаға ұшыратуы мүмкін. Әркімге өмір бір-ақ рет беріледі. Ойланайық! Сақтансаң, сақтайды!

ӘУ БАСТАН ҮЙРЕТЕЙІК

Қазір жол ережесіне салғырт қарайтын болдық. Сөйте берсек, салдары қиынға соғады. Сондықтан «сақтықта қорлық жоқ» деген сөзге зер салайық.

Соңғы кезде көптеген келеңсіз жағдайлар туындауда. Оның соңы адам шығынына алып баруда. Мұның алдын алып, шара қолданбаса болмайды. Жолаушыларға лық толы қоғамдық көліктер құдды бір жарыс машинасындай жүйткіді. Мұндай олқылықты жою керек.

АҚШ, Еуропа, Жапония сынды дамыған елдерде мұның бәрінің өз заңдылықтары бар. Артық қылық жасасаңыз, айыппұл арқалайсыз. Жүгенсіздік танытсаңыз, темір торға тоғытуға дейін жаза бар. Сол себепті, шетелде заңды аттап жүре алмайды.

Ашық дереккөздерден жол жүру ережелеріне қатысты деректі қолдануды жөн санаймыз. Ел-жұрт қаперінде болсын деген мақсатпен төмендегі деректерді ұсынамыз.

Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.

Жол белгілерінің бекітілген суреті мен

* **Ескерту белгілері жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шартты белгілер салынады. Басымдылық белгілері көше қиылыстарын, жолдың жіңішкерген бөлігін, кесіп өту кезектілігін белгілейді. Олар пішіндері мен түстері әртүрлі 9 жол белгілерінен тұрады.**

• **Тыйым салу белгілері жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, шеті қызыл жолақпен көмкеріліп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.**

• **Міндеттеу белгілері бір бағытта немесе көліктің белгілі бір түріне ғана жүруге рұқсат етілетіндігін көрсетеді. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді. Жиегі ақ жолақпен көмкерілген көк түсті, пішіні дөңгелек не тіктөртбұрыш болып келетін 18 белгіден тұрады.**

• **Ақпараттық-көрсеткіш белгілер қозғалыстың белгілі бір режимдерін**



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

Өткен ғасырдың 70–80–жылдары қазақ әндерін тамылжыта орындайтын үш өнерпаздың есімі кезіндегі Кеңестер Одағына өте танымал болды. Қазақ әнін әуелетіп, домбырада шебер ойнайтын «Үш Татьяна» кейде «Үш тоты» деп те атайтын болған. Өз басым ол кезде жас болғандықтан, Татьяналар жайлы хабарсыз болдым. Бұл әншілерді әлеуметтік желілердің бірінде жарияланған бейнебаян арқылы танып, дереу мағлұмат жинауға кірісіп кеттім. Тамылжыта орындаған әндеріне қарап тамсандым. Еліміз өз егемендігін алмай тұрып-ақ осылай қазақ әнін әуелете шырқайтын өзге ұлт өкілдері болды ма деген таңданыс туындады.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ТАМСАНДЫРҒАН «ҮШ ТОТЫ»

Қазақ үшін туған қыздар



Алғашында әншілер 1983 жылы «Үш Татьяна» атты жоба бойынша тамаша бағдарламамен сахнаға шығады. Сол кезде-ақ барша қазақ елінің, қала берді әлем елдерінің назарын өздеріне аударады. Осылайша үш қыздан құралған топ 1985 жылы Мәскеуде өткен бүкілдүниежүзілік жастар фестиваліне қатысады. Көрермендердің көзайымына айналып, әділқазылардың жоғары бағасына ие болады. Осы жылдары ерекше бір жайт болады... 1985 жылы «Үш Татьяна және Надежда» деген документальді фильм жарыққа шықты. Фильмді көрген жандардың барлығы дерлік топ мүшелерімен етене таныс бола бастайды. Дәл осы жылы топ мүшелері ерекше ықласқа бөленеді. Арада бір жыл өткесін, 1986 жылы «Үш тоты» деген деректі кітап жарыққа шығады. Аталмыш кітапта әншілердің өнер жолына қалай бет бұрғандығы, қалай бастарының бір арнаға қосылғандығы жайлы тың ақпараттар жазылған. Осы ретте біз әншілердің бүгінгі уақытта немен айналысып жүргендігін білгіміз келді. «Үш тоты» жайында жазылған ақпараттарды да бір ақтарып шықтық.

«Болайын деп
тұрған бала!»...

Түрлі газет-журналдарда әнші қыздардың қалай сахнаға келгендігі, немен айналысып жүргендері жайлы тың мағлұматтар берілген. «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі – «Парасат») журналының 1978 жылғы тамыздағы нөмірінен «Әнші қыз Татьяна» деген мақаланы көзіміз шалды. Редакция өз кезегінде Татьянаның суретін шығара отырып, ол туралы төмендегіше баяндайды.

«Көрермендер қол соғуын қояр емес. Сәл жымиған әнші қыз сахнаға қайта шықты...

– Болайын деп тұрған бала екен!

– Қазақ тілінде мүлтіксіз ән салған орыс қызын алғаш естіп, көрдім, – деген дауыстар да естілді. Көрермендер дән риза. Бұл институтаралық өнер сайысында болған еді.

Осы жолы жұртты соншама риза етіп, таңдантқан әнші қыз медицина институтының студенті Татьяна Бурмирова болатын. Шымкент облысы, Алғабас ауданы, «Алғабас» совхозында туып-өскен Татьянаның қазақ халқы өнеріне деген сүйіспеншілігі сәби күнінен басталған-ды. Халықтың ғажап әні мен күйін беріле тыңдап, ұзақ ойларға шоматын. Қазақ халқының дархан көңілі мен кішіпейілділігін айта келіп, Татьяна өзі жайында: «Мен қазақ халқын туған ұлтымдай жақсы көремін. Оның қыры мен сырын жете білсем деймін. «Ән көңілдің ажары» дегендей, домбыра үнімен қазақтың хан даласын ән құшағына бөлеп, жан сырымды осы арқылы халқыма, Отанымға жеткізім келеді. Менің үйренген ең алғашқы күйім – «Келіншек». Оны үйреткен 9-класс оқушысы Ұлбике Алтайбаева болатын. Бұл күнде мен оны ұстазым ретінде еске алып, алғыс білдіремін. Ал менің қалың жұртшылық алдына шығып, таныс болуыма себепші болған ақын Мәриям Хакімжанова», – деді.

Автор Майра Байқұлова өз мақаласын «Иә, теледидарда көрсетіліп жүрген жастар ойыны «Алтыбақан» мен «Достық» үйінің белсенді мүшесі, озат студент Татьяна Бурмированың алдағы арманы асқақ. Жуырда ол туралы «Қазақтелефильм» «Татьяна Бурмирова ән шырқайды» атты фильм-концерт түсіріп, ол да көгілдір экран арқылы көрсетілді. Осының бәрі жас өреннің өнеріне берілген лайықты баға, зор ілтипат» деп аяқтайды.

Әкем қазақ тілін ана тілінен
кем білмейтін

Осылайша топтың екінші мүшесі Татьяна Полтавская жайлы мағлұмат іздеуге кірісіп кеттім. Өмірбаянына зер салсам, менің жерлесім болып шықты. Қалған екі әншінің өмірі туралы ақпараттарды «Егемен Қазақстан» газетінен журналист Сапарбай Парманқұлдың мақаласынан таба алдым. Әнші өзінің өмірі жайлы кішігірім мағлұмат берген екен. «Кезіндегі Талдықорған облысы,

Панфилов ауданындағы Крупская атындағы орыс мектебін бітірдім. Көршілердің барлығы қазақ ағайындар. Тек мектепке барғанда ғана орысша сөйлейміз де, үйге келген соң қазақшаға қайта көшеміз. Сөйтіп жүріп үйренгенім ғой.

Әкем Дмитрий Данилович инженер еді. Қазақ тілін ана тілінен кем білмейтін. Ал анам қазір еңбек демалысында, көп жылдар педагогикалық қызметте болды. Үйде әкем екеуі қазақша сөйлесіп отыратын, халық әндерін жақсы айтатын. Маған да, бауырларым Анатолий мен Бориске де өнерге жақын болуды үйреткен сол кісілер. Кішкентайымыздан музыка мектебіне бардық. Жиын-тойда ауылдың алты ауызын айтып жіберу ешқайсымызға қиын соқпайтын.

Қазақ шіркін бауырмал ғой, қандай бір қуанышы болсын, той-томалағы болсын әкешемді шақырусыз қалдырған күні жоқ. Ондайда ол кісілер жаңа ән үйренбей үйге қайтпайды. Соның әсері де мол болуы керек, Талдықорған педагогика институтында оқып жүрген кезімде енді құрыла бастаған «Жетісу» фольклорлық ансамбліне талапкерлер қатарына жазылдым. Ансамбль жетекшісі Айсұлу Манаस्ताева апай репертуарымды қайта қарап, менің халық әніне ыңғайым басым екенін қатты ескертті. Сөйттім де, көптеген сазды әуендерді сол кісінің өзінің ұсынуымен айта бастадым», – деп сөзін аяқтаған екен Татьяна Полтавская.

Қазіргі уақытта әнші апайымыздың Ресейде өмір сүріп жатқан жайы бар. Қазақстанның Ресейдегі күндерінде қазақ әндерін тамылжыта орындап, көрерменнің көзайымына айналып жүр.

Үшеуі қосылғанда
айнала жарқырап кетті

Топтың үшінші мүшесі Татьяна Мартыненко қаламыздағы іс-шаралардың бірінде көрген едім. Қазақ тілінде сайрап тұрған өзге ұлт өкіліне таңданысымды жасыра алмадым. Алайда, мен ол кездері Татьяна Мартыненконың әнші болғандығынан бейхабар болатынымын. Ол кісінің

отты сөздері қазақ жастарына рух беріп, өз тарихымызды, ана тілімізді сүйе білу керектігін ұғындырған еді. Себебі, сол жиынға жиналған қазақ жастары өз ойларын орыс тілінде жеткізген болатын. Ол кісі сөйлей жөнелгенде бәріміз ұялыңқырап қалған едік. Сөздерін мақалдап, өнегелі сөздермен өрнектеген Татьяна апайымыз Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданының Шұбар селосында дүниеге келген екен. Ән айтуды бала кезден үйренген. Ауылдастары үйреткен әнді өздеріне сол қалпында жаттап алып, қайта айтып беретін болған. Ол институттағы «Фараби сазы» фольклорлық ансамблі де көп нәрсе үйреткендігін атап өтті. Ол өзінің бір сұхбатында: «Менің орындауымдағы «Қызылқұмда ауылым», «Әй-әй, бөпем» көп көңілінен шыға алды-ау деймін. Алматы көрермендерімен екінші рет жүздескелі отырмын. Анам да, інім де қазақша жақсы біледі, ән дегенде алғашқы тыңдаушыларым солар ғой. Мені де мына үлкен сахнаға әкеліп Татьяналар қатарына қосқан әнші, жыршы, бауырмал қазақ ауылы ғой», – деп, өзінің ізгі лебізін білдірген екен.

Үш Татьянаның басы қосылып, 30 жылдан кейін 2013 жылы концертті ұйымдастырылған. Мерекелік кеште қазақ халқының ұлттық әндері орындалып, тыңдарманның көңілінен шықты. Сол кездерде көрермендердің мынандай бір жылы лебізі де болған екен: «Сахнада үш қыз ән салғанда, Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» әсем сазбен қалықтайды. Әнсүйер қауымға соңғы кезде Татьяна Полтавскаяның орындауында сүйсіне тыңдап жүрген «Ақ көгершінді» бүгін үш бірдей Татьяна тамылжыта шырқап тұр. Қазақ өнерін тағы бір шыңға шығарған қыздарға алғысымыз шексіз», – деп аяқталған екен көрермен лебізі.

Бүгінгі күні «Үш тотының» өмірі қалай болды, не істеп жүр деген сауалға да жауап та таптық. Қазіргі уақытта Татьяна Бурмирова – қазақ өнерін дәріптейтін ұлттық орталықтың жетекшісі, Татьяна Полтавская – Ресейде музыка саласының ұстазы. Татьяна Мартыненко болса, қазақтың келіні, үш баланың анасы болып отырған жайы бар.





АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ҚҰЗЫРЫ КҮШТІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

келер жылы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастайды

Жылдың басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында елімізде Конституциялық сот құру туралы ұсынды. Президенттің айтуынша, бас прокурор мен адам құқығы жөніндегі уәкілге де конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін беру керек. Соған байланысты «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң қабылданды. Ол жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Конституциялық соттың қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру мәселелерін, сондай-ақ Конституциялық Соттың құзыретін, конституциялық іс жүргізу тәртібін, оның ішінде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін азаматтардың өтініштерін қарауды реттейді.



ОЛ ИНСТИТУТ БҰРЫН ДА БОЛҒАН

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы елімізде халықаралық тәжірибеге сүйеніп Конституциялық сот институты енгізілді. Құрамына 11 төраға, 10 судья кірді. Конституциялық соттың алғашқы және жалғыз төрағасы – Мұрат Баймаханов. Егер ол орган Ата заңға қайшы келсе, президенттің күшіне еніп қойған жарлықтары мен заңдарының күшін жоя алатын құзыретке ие болды. Институттың ел есінде қалған шешімдерінің бірі – сол кездері парламент ролін атқарған Жоғарғы кеңес сайлауын заңсыз деп тануы еді. Осы шешімнен кейін Жоғарғы кеңес таратылды. Көп ұзамай Конституциялық соттың өзі де жабылып қалды. 1995 жылғы 30 тамызда жаңа Конституция қабылданды. Конституциялық бақылаудың жаңа органы – Конституциялық кеңес құрылды.

Осылайша Қазақстанның Конституциялық соты 1995 жылдың соңында өз қызметін тоқтатты. Араға 28 жыл салып қайта құрылмақ.

Конституциялық Сот төраға мен оның орынбасарын қосқанда 11 судьядан тұрады. 4 судьяны Президент, 6 судьяны Парламент, үшеуін әр Палата тағайындайды. Конституциялық Соттың Төрағасын Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды, төрағаның орынбасарын судьялар арасынан Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Президент тағайындайды.

Судьялыққа кандидатқа мынадай талаптар қойылады: ол кемінде 40 жыл республика азаматы болуға, жоғары заң білімі, құқық саласында жоғары біліктілігі, заң мамандығы бойынша кемінде 15 жыл жұмыс өтілі және мінсіз беделі болуға тиіс. 1 адамды Конституциялық Соттың судья-

сы 8 жыл мерзімге бір реттен артық тағайындауға болмайды.

Конституциялық Соттың қолданыстағы Конституциялық Кеңеске қарағанда құзыры күшті. Конституциялық Кеңестің құқықтық мұрагері болып, Конституциялық Кеңес өзгерістерге дейінгі мәселелерді қарайтын болады. Бұл сайлау мен референдумның дұрыстығы, Конституция нормаларын ресми түсіндіру және т.б. мәселелерді қарайды. Қосымша Конституциялық Сотқа азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігіне азаматтардың өтініштерін қарау өкілеттігі беріледі.

Одан басқа, адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тұтастай қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы

мәселемен Конституциялық Сотқа жүгіне алады.

БАСТЫ МІНДЕТ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Конституциялық емес деп танылған актілердің күші жойылады және қолдануға жатпайды. Бұл азаматтар үшін жаңа мүмкіндік деуге әбден болады. Конституциялық соттың дәл осындай нұсқасы дамыған елдердің көбінде бар. Яғни ол заң үстемдігін орнатуға мүмкіндік береді.

Конституциялық заңда соттарға алдын ала жүгіну талап етілмейтін шарттар көрсетілген: Жоғарғы Соттың даулы актіні басқа қолдану болжанбайтындығы немесе заңның ережелері императивті сипатта болатындығы туралы ресми түсіндірмесі болған кезде, яғни олар басқаша қолданыла алмайды. Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын Бас Прокурор алады.

ЖОЛ ПОЛИЦИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

САЛҒЫРТТЫҚ САЛДАРЫ

1 адам қаза болып, 21 адам зардап шекті



Адам өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы дерегін тексеріп жатқан Алматы полициясы 2 автобустың соқтығысуына қатысты толық мәлімет берді.

Жол-көлік оқиға сызбасына және бейнебақылау жүйелерінің талдауына сәйкес, жеке тасымалдаушылардың біріне тиесілі «МАЗ-203069» қоғамдық көлігінің жүргізушісі 1987 жылы туған А. есімді азамат Абылай хан даңғылымен оңтүстік бағытта келе жатып, Төле би даңғылының қиылысында бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өтіп кетіп, Төле би даңғылымен шығыс бағытта келе жатқан «GOLDEN DRAGON

XML6125CN» маркалы қоғамдық көлікпен соқтығысқан. Оны 1963 жылы туған А. есімді азамат басқарған. Соқтығысқаннан кейін 98-бағыттағы қоғамдық көліктің жүргізушісі жаяу жүргіншілерді қағып кеткен. Оның нәтижесінде жаяу жүргіншілердің бірі – 37 жастағы ер адам оқиға орнында көз жұмды.

Аталған дерек ҚР ҚК-нің 345-бабы 3-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелді.

Бүгінде 9 адам ауруханада жатыр. Дәрігерлердің айтуынша, барлығының жағдайы жақсы. Ал полиция қылмыстық іс қозғап, тиісті сараптамалар тағайындады. Бейнебақылау камерасына түсіп қалған жол-көлік оқиғасына талдау жасалды. Әзірге белгілісі, қоғамдық көліктің 35 жастағы жүргізушісі бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өтіп, басқа автобуска соқтығысқан және жол шетінде тұрған жаяу жүргіншілерді қағып кеткен. Оқиға орнында 37 жастағы ер адам көз жұмды. Ал медициналық көмекке жалпы саны 21 адам жүгінген.

Қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, жағдайлары орташа тұрақты. Көбінің диагнозы мидың шайқалуы, қолдары жараланған. Ешқандай науқас жансақтау бөлімінде жатқан жоқ.

Айта кететін жағдай, дәл осы күні Алматыда 163 жол-көлік оқиғасы болып, 48 адам зардап шекті. Полиция департаменті қалада күніне орта есеппен 100–120 көлік апаты болатынын айтады. Оның ішінде кішігірім ЖКО болатынын атап өтті. Алайда, қолайсыз ауа райында бұл көрсеткіш күрт артып, зардап шегетіндер саны да көбейеді. Сондықтан полиция көлік жүргізушілері мен жолаушыларды өте мұқият болуға шақырды.

ПОЛИЦИЯ

9 қарашадан бастап Алматы полициясы қызметтің күшейтілген нұсқасына көшті. Іс-шараны өткізуге Ұлттық ұланның әскери қызметшілерімен бірге полиция қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлері жұмылдырылды. Қоғамдық тәртіпті сақтау, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда құқықбұзушылықтың алдын алу және жолын кесу мақсатында іс-шара аясында қала аумағында полиция жасағының, оның ішінде жаяу патрульдердің тығыздығы артты.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП КҮШЕЙДІ



Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілер көшелерді, аулаларды, алаңдарды, саяжайларды және басқа да қоғамдық орындарды аралайды. Сондай-ақ, полиция көші-конзаңнамасын, соның ішінде құрылыс және сауда салаларындағы бұзушылықтарды анықтау мақсатында тексерулер жүргізуде.

Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды, қылмыскерлерді іздестіру, бөтеннің мүлкін ұрлау, пәтер тонау, көлікті айдап әкету және

тағы басқа айналысатын қылмыстық топтарды әшкерелеу бойынша ПД-ның жедел бөлімшелерінің жұмысы күшейтілді. «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасы криминагендік жағдайды жақсартуға, қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге және ескертуге бағытталған ауқымды шара.

Бетті дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА, (Ақпараттар ашық интернет көздерінен алынды).



ФУТБОЛ

БАУЫРЖАН ИСЛАМХАН
ҮШІН БЕС БАҒЫТ

Қазақстан футболының жарық жұлдыздарының бірі Бауыржан Исламхан кешеден бастап ресми түрде жасыл алаңға оралуға мүмкіндік алды. Допинг дауына байланысты екі жыл үлкен футболдан үзіліс алуға мәжбүр болған Баториктің ендігі бағыты қандай болмақ?..



Кезінде Ресейге барғанына қалай қуансақ, Біріккен Араб Әмірліктеріне аттанғанда да солай қуанғанбыз. 2020 жылдың жазы болатын. Бауыржан Исламхан «Әл-Айн» командасымен екі жылға келісім-шартқа отырды. Жап-жақсы ойнап, жергілікті жанкүйерлердің көзайымына айналды. Бас бапкер Иван Лeko да сенетін. Үнемі негізгі құрамда ойнап жүрді. Азия Чемпиондар лигасында да командасының көшбасшысы болды. Кенет, әп-сәтте аспан айналып, жерге түскендей болды. Баторик үшін ғана емес, күллі қазақ футболы үшін. Иә, қазақ футболшысы шетелде допингпен ұсталыпты деген сөздің ешкімге де абырой әпермегені анық. Дегенмен, біздің мақсат – біреуді айыптау емес. Бауыржанды да, бапкерлерін де кінәлағымыз келмейді. Тек екі жылдық дисквалификациясы аяқталған футболшының алдағы қадамы қандай болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздеп көрсек дедік.

№1 бағыт – «Қайрат»

Арабтармен келісім-шартқа отырар алдында Баторик бес жыл «Қайраттың» намысын қорғады. Статистикасы да жаман емес, 169 ойында 50 гол соққан. Ұзақ уақыт алматылықтардың капитаны болды. Бапкерлердің де, басшылардың да «сүйікті баласы» болып, жанкүйерлер алақанына салды. Клуб тарихынан ойып тұрып орын алған футболшыны қайтаруға «Қайрат» та кетері емес.

Жалпы, Бауыржанның «Қайратқа» баруы мүмкіндігі жыл басынан бері айтылып жүр. Өзі де сұхбаттарында жиі қайталайды. Тіпті, команданың қазіргі бас бапкері Кирилл Кекер де команданың құшағы ашық екендігін айтты.

ШАХМАТ

АЛМАТЫДА ӘЛЕМ
БІРІНШІЛІГІ ӨТЕДІ

Желтоқсанның 25-і мен 30-ы аралығында Алматыда шахматтың рапид пен блиц түрлерінен Әлем чемпионаты өтеді.

Бұл Қазақстан спортындағы тарихи жағдай. Оңтүстік астанамызға әлемнің ең үздік гроссмейстерлері келеді деп күтілуде. Сондай-ақ, Қазақстанның да үздік шахматшылары қатысады. Әзірге Әлем чемпионатының қалай және қай жерде өтетіні туралы толық ақпарат жоқ. Бұл туралы еліміздің Спортты дамыту дирекциясы 15 қарашадан кейін мәлімдейді.

Айта кетейік, былтырғы Әлем чемпионаты Польша астанасы Варшавада өтті. Ерлер арасында өзбекстандық Нодирбек Абдусатторов, әйелдер арасында ресейлік Александра Костенюк топ жарған.

Расымен де, Исламхан қазір «Қайратқа» артық етпес еді. Командада ойынды Бауыржандай үйлестіре алатын ойыншы жоқ. Еркебұлан Сейдахмет қапталдың футболшысы, Гүлжігіт Алықұлов ауыр жүкті жалғыз өзі арқалай алмай жүр. Ал «Жетісудан» жеткен ресейлік Адам Адахаджиев бапкерлердің сенімін ақтай алмады.

Дегенмен, «Қайрат» қазір Исламханға бұрынғыдай жалақы төлей алар ма екен? Келісім-шартқа қол қоюға осы мәселе ғана кедергі болуы мүмкін.

№2 бағыт – «Тараз»

Бауыржан Исламхан «Тараз» футбол мектебінің түлегі. 2011 жылы дубльден Нүркен Мазбаев алып шыққан. Таразда өсті, «Таразда» өнді. «Тараз» арқылы Қазақстанға ғана емес, Ресейге де танымал болып, «Кубаньмен» келісім-шартқа отырды. Бір сөзбен айтқанда, ораламын десе, команданың есігі әрдайым ашық.

Алайда, «Тараздың» қазіргі жағдайы мәз емес. Футболшылар ғана емес, қызметкерлері де біраз уақыттан бері айлықтарын ала алмай жүрген көрінеді. Ал жакында ғана мәресіне жеткен футбол маусымында «Тараз» 14 команданың ішінде 12-орын алып, жоғарғы дивизионнан ұшып кетуге сәл қалды. Сондықтан басқа клубтар тұрғанда Баторик үшін «Тараз» соңғы вариант.

№3 бағыт – «Ақтөбе»

Қаржылық тұрғыда «Қайрат» пен «Тараз» жасай алмаған жағдайды Бауыржан Исламханға «Ақтөбе» жасауы әбден мүмкін. Мұндай әңгіме жаздың басынан бері жанкүйерлердің аузында жүр. Тіпті, «Ақтөбенің» бас бапкері Андрей Карпович те Исламханмен келіссөздер жүргізгенін растады.

– Иә, біз ай қарап жүрген жоқпыз. Ол секілді ойыншылар Қазақстанда өте аз. Сондықтан реті келсе, Баторикті «Ақтөбе»-де қуана қарсы аламыз, – деді Карпович.

Иә, Баторик пен «Ақтөбе» бір-біріне лайық ойыншылар. Амбициялары да сай. Соңғы маусымда Карповичтің командасы чемпиондыққа біртабан жетпей сүрінді. Келесі жылы да Исламханның көмегімен чемпиондыққа таласуды көздейтіні анық. Алайда, «Ақтөбенің» орталық шебінде бәсекелестік күшті қазір. Жерлесі Бауыржан Байтана бар, Арман Кенесов пен Рамазано Оразов та құлшынып тұр. Сондықтан қосалқы құрамда отырып қалуы да мүмкін.

№4 бағыт – «Астана»

Жылдың басында Бауыржан «Астана» футбол клубымен жаттықты. Сол кезде-ақ әртүрлі басылымдар Баторикті елордалық клубта біржола қалады деп жатты. Мұндай әңгіменің болатынындай-ақ жөні бар еді. Исламхан кезінде «Астанада» жарты маусым доп тепті. Елордалықтармен бірге Қазақстанның вице-чемпионы болды. Содан кейін ғана «Қайратқа» барды. Демек, әлі де «Астана» Бауыржан үшін бөтен команда емес. Қазіргі жағдайда Дарабаев пен Манзорроға бәсекелес бола алады. Эуженио, Айымбетов сынды шабуылшыларға доп жеткізіп тұра алады. Сондықтан жолы түсіп, елордаға барып жатса да, таңқалмаймыз.

№5 бағыт – футболмен қоштасу

Ең соңғы, басқа амалы қалмағанда қарастыра бағыт. Дегенмен, Бауыржанның жасы бар болғаны 29-да. Әлі шау тартқан жоқ. Басы бар, әдебі зор футболшы. Сондықтан жолайрықта тұрған Исламхан бұл бағытқа кем дегенде 5-6 жылдан кейін бет бұрады деген сенімдеміз.

ШОРТ-ТРЕК

Әлем Кубогының
екі кезеңі оңтүстік
астанада өтеді

Алматы қаласы бір айға шорт-тректен әлемнің орталығына айналуға дайын. Желтоқсанның 9-ы мен 11-і аралығында Әлем кубогының үшінші кезеңі, ал 16–18 желтоқсанда төртінші кезеңі өтеді.

«Халық Арена» мұз сарайында әлемнің 30 елінің мықтылары бақ сынаиды. Бұлардың қатарында Олимпиада мен Азия ойындарының жеңімпазы, Әлем чемпионаты мен Әлем Кубогы кезеңдерінің жүлдегерлері де бар.

Айта кетейік, Канаданың Монреаль қаласында өткен Әлем Кубогының алғашқы кезеңінде ерлер құрамасы 5 шақырым эстафетада күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал Солт-Лейк-Ситидегі 2-ші кезеңде Ұлттық құрама 3 жүлде жеңіп алды.

Әуелі Абзал Ажғалиев 500 метрде мәреге 2-ші болып келді. Ертесіне Денис Никиша 500 метрлік жарыста күміс жүлдегер атанса, Әділ Ғалиахметов мың метрге жарыста үздік үштікті түйіндеді.

ТАЭКВОНДО

Қазақстан
құрамасы Әлем
чемпионатына
аттанды

Қарашаның 13-і мен 20-сы аралығында Мексиканың Гвадалахара қаласында таэквондодан Әлем чемпионаты өтеді. Дүниежүзілік додаға Қазақстан құрамасы да аттанды.

Пандемиядан кейін алғаш рет өтетін бәсекеге ерлер мен әйелдер арасындағы 16 салмақта 122 елден 755 атлет тіркелген. Ел намысын бұл жолы 15 спортшы қорғайды. Олар:

Ерлер құрамасы – Тамирлан Тілеулес (54 келі), Самирхон Абабакиров (58 келі), Камран Нурадинов (63 келі), Алмат Қожахмет (68 келі), Нұрқанат Қожахмет (74 келі), Рахым Әділханов (80 келі), Смайыл Дүйсебай (87 келі), Руслан Жапаров (87 келі).

Әйелдер құрамасы – Рита Бакишева (46 келі), Ботагөз Капанова (49 келі), Азиза Қаражанова (53 келі), Камила Аймұқашева (57 келі), Жадыра Хайруллина (62 келі), Нұрай Құсайынова (67 келі), Жансель Дениз (73 келі);

Бас бапкер: Батырбек Есдәулетов.

Бетті әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДІЛ.





● МӘСЕЛЕ

КӨЗ – АДАМ АЙНАСЫ

Көзілдірікті балалар көбейіп барады



Әлемде 14 жасқа дейінгі 183 миллионнан астам көзі қыли бала бар көрінеді. Қазір байқасаңыз, айналамызда қитар болмаса да, көзілдірікті бала көбейіп барады. Бұл да өз алдына үлкен мәселе.

Қыли, қылилық, гетерофория (strabismus) – көз ақауы, екі көздің көру бағытының бір нүктеде түйіспеуі. Мамандар балаға 6 ай толып, көзіндегі қылилық жоғалмаса, уақыт оздырмай дереу окулистке бару керектігін айтады. Қылилықты емдесе, көздің көруін нашарлата береді. Себебі, қылилықта көздің көруіне тек бір көз қатысады да, шапыраш көз қимылдамайды. Қылилық көбінесе 2-3 жастағы балалар арасында жиі кездесетін көрінеді. Өйткені, бұл кезде екі көздің қалыпты қызметі орнығып болады.

Офтальмологтар қылилықтың 20-дан астам түрі болатынын айтады. Мәселен, аккомодациялық қылилықты (аметропия) түзету арқылы емдеуге болады. Ал аккомодациясыз түрінде аметропияны түзетсе де, қылилық қалып қояды. Бәрінен көзді қозғалтатын бұлшық ет қызметінің бұзылуы қатерлі деседі. Өйткені, мұның соңы көздің нашар көруіне әкеледі. Сондықтан офтальмологтар баланың көзінен кемістікті байқай сала, дабыл қағып, емдеу қажет екенін ескертеді.

Мамандардың айтуынша, көру қабілетінің бұзылуы кей балаларда туа бітті пайда болады, ал кейбір балаларда гаджеттерге деген шексіз құмарлықтан туындайды. Еуропалық офтальмологтар соңғысын «гаджетті қылилық» деп бағалапты. Өйткені, балаларды тексергенде көру қабілеті мен рефракция жақсы, бірақ көзі қитар. Сондықтан желкілдеп өсіп келе жатқан бала үнемі ересектердің бақылауында, қамқорлығында болғаны жөн. Бала көзі талғанша ұзақ уақыт сабақ қарамағаны абзал. Тым ұзақ теледидар көруге, компьютерлік ойындар ойнауға, алақандай ұялы телефондарға ұзақты күн үніліп отыруына рұқсат бермеу керек. Мұның бәріне 40 минут жеткілікті, одан соң міндетті түрде 20 минуттық үзіліс жасаған дұрыс екен. Бұл көзі сау балаға да, қыли балаға да қатысты айтылған кеңестер.

Алматы қаласындағы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығының офтальмология бөлімшесінде көзі қитар балаларды емдейді. Иә, қылилықты емдеуге болады дейді дәрігерлер. Бірақ ұзатпау керек. Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығында көздегі кемістікті түзетуге мүмкіндік беретін тренажерлар – Синоптофор және Макулотестер көмегімен емдеу әдістері қолданылады. Көп жағдайда біздің офтальмологтар қылилықты хирургиялық жолмен емес, консервативті түрде емдейді.

Қылилықтың тұқым қуалауы мүмкін. Сондай-ақ, түрлі жаракат, ми аурулары, тұмау, қызылша сияқты ке-



селдер де, тіпті психикалық жаракат та көздің қылилануына әсер етеді. Яғни қылилықты қоздыратын неврологиялық жағдайлар да болуы мүмкін. Сондықтан аталған орталықтың офтальмологтары невропатолог әріптестерімен бірге қоян-қолтық жұмыс істейді. Осы орайда көздің қалыпты көруі омыртқаның құрылымына да тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Яғни қылилық балалардың омыртқасын дұрыс ұстамауы себепті болуы да мүмкін. Бала сурет салып немесе кітап оқып отырса, бүкірейіп отырмауына, сонымен қатар парақ пен көздің арақашықтығы 30–40 см болуына көңіл аудару қажет.

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл жыл басынан бері Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығының офтальмология бөлімінде қылилық диагнозы бойынша 147 бала емделген. Ал өткен 2021 жылы 109 науқас емделіпті. Кей жағдайда қылилықты тек хирургиялық әдіспен түзетуге тура келеді. Жыл басынан бері дәрігерлер бұл тұрғыда 132 ота (2021 жылы – 99 ота) жасаған.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



1 секундта 50 затты көреміз

- Ер балаға қарағанда қыз бала көзін екі есе жыпылықтатады екен.
- Жағымды заттарды көргенде

адамның қарашығы 45 пайызға дейін ұлғаятын көрінеді.

- Көзді ашып тұрып түшкіру мүмкін емес.
- Адам көзінің көлемі туғанда қандай болса, қартайғанша сол қалыпты сақтайды, ал құлақ пен мұрын өсуін тоқтатпайды.
- Орташа есеппен алғанда, біз бүкіл өмірімізде 24 миллионнан астам әртүрлі сурет көреміз.
- Біздің көзіміз бір секундтың ішінде шамамен 50 затты көре алады.

● МАМАН ПІКІРІ

Ләззат КЕЙКИНА,
Алматы қалалық Балалар жедел медициналық көмек орталығының көз дәрігері,
Дүниежүзілік балалар офтальмологтары қауымдастығының мүшесі:

Уақыт оздырмаған жөн

Қылилықты емдеу кезінде біздің мақсат көздегі ақауды косметикалық жасоу ғана емес, сондай-ақ ең жоғары көру функциясын дамытуға жағдай жасау, бұл – бинокулярлық (қоршаған ортаны екі көзбен қабылдау қабілеті), стереоскопиялық көру. Әрі қарай емдеу тактикасын белгілеу үшін баланы мүмкіндігінше ертерек офтальмологқа көрсеткен жөн. Көру анализаторының жоғарғы сапалы толыққанды дамуына жағдай жасау үшін қылилықты емдеу қашан да дер кезінде жүргізілуі керек. Өкінішке қарай, жасы ересек балаларды толық емдеу мүмкін болмай қалады. Сондықтан баланың көзін 7 жасқа дейін, яғни мектепке дейін бақылап, емдеуге тырысқан абзал. Бізде неғұрлым ерте сатысында анықталған қыли көзді отасыз-ақ емдеп жазуға мүмкіндік бар.

● МӘМС



ЖҮКТІ АНАЛАР мен БАЛАЛАР

тісін тегін емдете алады

Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының емдеу-профилактикалық қызмет бөлімінің жетекшісі Ләйла Иманғалиева стоматологиялық көмекті пайдалану жолдарын түсіндірді.

Амбулатория деңгейіндегі жоспарлы және шұғыл стоматологиялық көмек «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» пакеті арқылы қаржыландырылады және азаматтардың жекелеген санаттары үшін тегін көрсетіледі. Ләйла Иманғалиеваның айтуынша, жоспарлы стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге ғана көрсетіледі.

– Олар тісті жансыздандыру, химиялық пломба салу, терапевтің қабылдауы, пульпит пен пародонтитті емдеу, флюороз, гипоплазия кезінде тістің анатомиялық пішінін толық қалпына келтіру, тісті хирургиялық жолмен жлуді және т.б. қызметтерді тегін пайдалана алады. Тіс дәрігерінің қызметіне жүгіну үшін стоматологиялық клиникаға хабарласып, қабылдауға жазылған дұрыс, – дейді сарапшы.

Ал шұғыл стоматологиялық көмек «Кепілдендірілген тегін медициналық көмек» пакеті шеңберінде, халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған санаттарына ғана көрсетіледі. Олардың қатарында 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, ҰОС ардагерлері, барлық топ мүгедектері, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар, зейнеткерлер, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, жұқпалы және әлеуметтік маңызы бар сырқаттармен ауыратын науқастар, балалық шақтан І топ мүгедегін күтушілер бар.

Стоматологиялық көмекті емхана арқылы ғана емес, медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс істейтін жеке-меншік тіс клиникалары арқылы да пайдалануға болады.

Осы ретте естеріңізге сала кетсек, стоматологиялық көмекке қатысты барлық сұрақты медицина ұйымы жанындағы «Пациенттерді қолдау» қызметіне жолдауға болады.

● КЕРЕК КЕҢЕС

Салалық мамандарға қалай жазыламыз?

Бізге амбулатория деңгейінде салалық мамандар қабылдауына қалай жазылуға болатыны туралы сұрап хабарласатын оқырмандар бар. Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері осы жөнінде айтып берді.

Басқарма жетекшісінің орынбасары міндетін атқарушы Назгүл Иманғалиеваның айтуынша, салалық маманның қабылдауына емханадағы жалпы практика дәрігері арқылы жазылуға болады. Содан кейін пациенттің денсаулық жағдайына қарай профильдік маманға жолдама беріледі. Бұл науқастың ғана емес, маманның да уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Салалық мамандардың консультациясы, КТ/МРТ, рентген сынды тағы да басқа диагностикалық қызметтер сақтандырылған азаматтарға міндетті медициналық сақтандыру арқылы көрсетіледі. Ол үшін емдеуші дәрігердің жолдамасы қажет. Дәрігер жолдаманы тиісті көрсетілімдер мен ауру белгілеріне қарай жазып береді», – дейді маман.

Тағы бір ескерте кетерлігі, қажетті қызмет түрі емханада көрсетілмейтін болса пациентке басқа емдеу мекемесіне жолдама берілуі тиіс. Қызмет медицина ұйымдары арасындағы қосымша келісім-шарт негізінде көрсетіледі.

Сонымен қатар, учаскелік дәрігердің жолдамасын қажет етпейтін жағдайлар да болады. Мысалы, салалық маман қойған диагнозды нақтылау мақсатында қосымша инструменталдық тексеру жүргізу қажет болғанда, шұғыл стоматологиялық көмек қажет болса, тіркелген емханадағы акушердің немесе психолог-маманның қабылдауына кіруге, дерматовенерологиялық сырқаттарды емдеу үшін жолдама алудың қажеті жоқ. Мұндай жағдайларда аталған қызметтерді көрсететін клиниканың тіркеу бөлімі арқылы жазылса жеткілікті.

«Ал шұғыл жағдайларда медициналық көмек кешіктірмей көрсетілуі тиіс. Егер емхана қызмет көрсетуден орынсыз бас тартқан жағдайда клиника жанындағы пациенттерді қолдау қызметіне хабарласып, мәселені сол жерде шешуге болады», – деді Назгүл Иманғалиева.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



МӘДЕНИЕТ

Әлемді мойындатқан
қазақ әншісі

Димаш Құдайберген дүние жүзінің
ең ықпалды 500 мұсылманы тізіміне енді



Бұл ақпарат Instagram-дағы DimashNews парақшасында жарияланды. Жылына бір рет шығатын «The Muslim 500» басылымына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, «Әл-Азһар» университетінің Бас имамы Шейх Ахмед ат-Тайебпен қатар, алғаш рет Димаш Құдайбергеннің есімі жазылды.

Басылым жылына бір рет мұсылман әлеміне айтарлықтай ықпалы бар мәдениет, идеология, қаржы, саясат және басқа да билік саласындағы әлемдегі ең ықпалды 500 адамды анықтап отырады. «Димаш Құдайберген – әнші, көптеген әннің авторы және бастан сопроноға дейін кең вокалды диапазоны бар мульти-инструменталист. Өнер иесі Қытайдағы беделді әншілер шоуынан кейін бірден көпшілікке танылып, Қытайда, Ресейде және туған жері Қазақстанда барлық ірі әншілерге арналған сыйлықтарға ие болды, танымалдығы арта түсті. Димаш жиі қайырымдылық жасайды. Туған қаласы Ақтөбеде әншінің атына арналған музей ашылды.

ОТЫРАР САЗЫ

Қазақ өнерінің
қайталанбас,
қастерлі ұжымы

«Отырар сазы» мемлекеттік академиялық
фольклорлық-этнографиялық оркестріне –
40 жыл. Осыған орай, Республика сарайында
әуезді, сазды кеш өтті.



Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Сахнада оркестрдің сүйемелдеуімен Жәмила Серкебаева, Азамат Жылтыркөзов, Светлана Айтбаева өнер көрсетті. Нұрғиса Тілендиев негізін қалап кеткен ұжым – тек фольклорлық аспаптарды пайдаланатын елдегі жалғыз оркестр. Алғашында шағын ұжым болып ашылған ансамбль 1982 жылы «Отырар сазы» деген атпен үлкен оркестрге айналды. Оның құрамында 66 музыкант бар. Арасында ардагерлер, өнерпаздар да бар.

«Бүгінгі концерт өте маңызды. Бүгін көрермен қатарында оркестрде қызмет еткен музыканттар келіп отыр. Папам «Сендер менің балаларымсыңдар» деп айтушы еді, қазір сахнада отыр», – деді «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің көркемдік жетекшісі Дінзұхра Тілендиева.

«Қазақ өнерінің қайталанбас, қастерлі ұжымы. Нұрғиса ағамыз өзі құрған «Отырар сазының» 40 жылдық мерейтойына келіп тұрмын. Өте қуаныштымын. Бұл енді кез келген әнші үшін мұндай керемет ұжыммен сахнада өнер көрсету арман. Сондықтан 40 жылдық ғұмыры ұзара берсін!», – деді ҚР еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ

Баланы өсіріп, жеткізу, азамат етіп қалыптастыру – ата-ананың парызы

Бала – отбасының шаттығы, өмірдің сәні,
ата-ананың көз қуанышы. Перзент тек
Алланың адамзатқа берген сыйы ғана
емес, аманаты да. Осы аманатқа қиянат
жасамай, баланы өсіріп, жеткізу, азамат
етіп қалыптастыру – ата-ананың парызы.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Бүгінде бала тәрбиесіне қатысты педагогтардың ғылыми мақалалары да, психологтардың кеңесі де, исламтанушы ғалымдардың зерттеулері де жетерлік. Сөйте тұра, қазіргі қоғамда бала тәрбиесі оңай шаруа болмай тұр. Таяуда мектептегі ата-аналар жиналысына келген бір әке: «Жетінші сыныпта оқитын балам достарымен бірге жұма намазына баруға рұқсат сұрады. Мен рұқсат етпедім. Оң-солын тани қоймаған, діннің не екенін түсінбейтін баламның мешітке барғанын дұрыс деп есептемеймін. Теріс ағымдардың жетегінде кете ме деп қорқамын» дегенді айтып қалды. Бір қарағанда, бұл кісінің әрекетін түсінуге болады. Үлкен адамның өзі діннен аса хабары болмаса, баласына да ол туралы ақпаратты бере алмайтыны анық. Бірақ ата-аналардың арасында өзі шылым шегіп, ішімдік ішіп жүрсе де, баласына темекі шекпе, ащы су ішпе деп ақыл айтып отыратындар да болады. Керісінше, кейбір ата-аналар балаларын кішкентайынан діни тәрбиеге баулып, ислам заңдылығына сай киіндіреді. Алайда, қазіргі заманда бұғанасы қата қоймаған баланы белгілі бір шеңберде тәрбиелеу мүмкін емес екеніне көз жеткізіп жүрміз.

Тәрбие негізі – имандылық

Қазіргі замандағы тағы бір үлкен мәселе, көбіміз жанымызда жүрген баланың телефоннан не көріп жүргенін, қандай ортамен араласатынын, мақсаты қандай екенін білмейміз, бірақ өзгенің баласының тәрбиесіне араласамыз. Кейбір аналар әкелердің бала тәрбиесіне араласпайтынын айтып, шағымданып жатады. Енді біреулер баласын жақсы көре тұра, оған мейірімін төге алмайды. Кейбір ата-ана баланы еркіне жібермей, арасында сабап алуға да болады деген пікірде. Әркімнің бала тәрбиесіне деген көзқарасы, қолданатын әдістері де әртүрлі. Бірақ кез келген ата-ана өз баласының өзінен асып ақылды, зерек, еңбекқор, бақытты болғанын қалайды. Сонда қайтпек керек? Тәрбиенің өзегі неде, кемел ұрпақты қалай тәрбиелейміз?

Алаш қайраткерлерінің бірі Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы – туғанда іңгәлаған айғай мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» деп баланы тәрбиелеудің қиындығы мен жауапкершілігін баяндаған.

Ал исламда баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеудегі ата-ананың еңбегін түрлі хадистер арқылы жеткізеді. Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә салләмның мы-



нандай сөздері бар: «Баласы жылау себебімен түнде ұйықтай алмаған әйелге жиырма құл азат еткен сауап беріледі. Ауырып қалған баласы себебімен ұйықтай алмаған және баласын тыныштандыру үшін тырысқан әйелдің Алла Тағала күнәларын кешіреді де, он екі жылдық қабыл болынған құлшылық сауабын береді. Өз баласын емізген әйелге әр жұтым сүті үшін жеке-жеке сауап беріледі. Жүкті әйелге күндіздерінде ауыз бекіткен, түндерінде құлшылық жасаған сауабы беріледі. Жүкті әйел босанғаннан кейін оған жетпіс жылдық ораза және құлшылық сауабы жазылады. Көрген қиыншылықтарына және әр тамырына келген шанишуына қажылық жасаған сауабы беріледі. Сондай-ақ, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) ата-аналарға: «Балаға бір мәрте көңіл бөліп, тәрбие беру – бір сағат көлемінде садақа бергеннен де жақсы», «Кімде-кім жылаған баланы жұбатса, Алла Тағала жәннатта оған қалағанынша сый-сияпат береді», – дейді.

Тәрбие – талбесіктен емес,
құрсақтан басталады

Қазақы дәстүрімізде де, шарият бойынша да ата-ананың балаларының алдындағы және балалардың ата-аналары алдындағы міндеттері бар. Баланың жастайынан дұрыс тәлім-тәрбие алуына дінімізде ерекше маңыз берілген. Парасатты, ізгі тәрбиенің кемелдігі ең әуелі баланың өз ата-анасын сыйлауы, иманды болып өсуі, жанашыр, адал, еңбекқор, кішіпейілділік секілді ізгі қасиеттерді бойға сіңіруінен бастау алады. Есейгенде қоғамға пайдалы болатын азаматтың болашағы балалық шағына байланысты. Сондықтан бала тәрбиесін талбесіктен емес, құрсақтан бастаған абзал дейді мамандар.

Психолог мамандардың айтуынша, балалардың үш тәрбиешісі бар: әкесі, анасы және ата-анасының арасындағы қарым-қатынас. Осының ішінде үшінші тәрбиешінің маңызы зор. Жұбайлардың арасындағы қарым-қатынас дұрыс болмаса, баланы жақсы тәрбиелеймін деу бекер екен. Яғни тәрбиенің негізі – ислам болса, ұясы – отбасы.

Біз оқырман назарына ислам діні, педагогика, психология ғылымдары өкілдерінің бала тәрбиесіне қатысты тандаулы кеңестерін ұсынууды жөн көрдік.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Махаббат,
қызық мол
жылдар

Өтетін орны: Абылай
хан даңғылы, 38, Ғ.Мүсі-
репов театры.

Спектакль авторы:
Ө.Нұршайықов.

Қоюшы-режиссері:
Фархад Молдағали.

Қоюшы-суретшісі:
Айдана Бейсембаева.

Жанр: ертегі.

Ұзақтығы: 2 сағат, 30 минут.

Жас санаты: 16+.

Күні мен уақыты: 11 қараша, 11.00.

«Әбішев әлемі»
көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы
мемлекеттік өнер музейі.

Көрмеде: Экспозицияға ав-
тордың 40-қа жуық мүсін туынды-
лары мен монументалды ес-
керткіштердің фотосуреттері
ұсынылады.

Мүсінші Бақытжан Әбішевтің
шығармашылығы 1970 жылдары
Қазақстан бейнелеу өнеріне
өзіндік ұлттық мәнерімен енді.

Күні мен уақыты: Қараша
айының 19-ына дейін тамашалауға
болады.

Жас санаты: 3+.



Парапланмен ұшу

Өтетін орны: Алматы қаласы,
Алматы облысы, Іле Алатауының
баурайында.

Өткізу күні: 12 қараша

Уақыты: 9.00-ден 17.00-ге
дейін.


Жұмыс кестесі: күн сайын, де-
малысыз.

Ұшу биіктігі: шамамен 1000
метр.

Жас шектеуі: 15-тен бастап (18
жасқа толмаған адамдар ұшуға ата-
аналарының қатысуымен ғана жі-
беріледі).

Салмағы бойынша шектеу:
30-дан 110 килограмға дейін.

Ұзақтығы: ауа райы мен жыл мезгіліне байланысты.





МӘМІЛЕ ЖАСАУ КЕРЕК



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елжас ЕРТАЙҰЛЫ,
балалар психологі:

Өзіңіз кітап оқымайтын жан болсаңыз, балам кітап оқымайды деп ренжімеңіз

Баланы жан-тәнімен тыңдап, күнделікті қал-жағдайын біліп тұрудың өзі ата-анаға берілген жауапкершілік. Өз перзентінді жақсы көру, оған жақсылық тілеу балаға деген құрметтен басталады. Осы орайда өзімнің бала-ларға қатысты ата-анаға қажет 16 ережемді ұсынамын.

- Баланы ернінен сүймеңіз.
- Қоғамдық көлікте балаға «мына апайдың алдына отыр», «мына ағайдың жанына отыр» деу арқылы бейтаныс адамдармен байланысын күшейтпеңіз.
- Баланы басқа адаммен, тіпті туысыңыз болса да, дәретханаға жібермеңіз.
- Балаңыз өзін сүйгізгісі келмесе, оған ашуланбаңыз.
- Балаңызға өзінің қалауынан тыс оның денесіне ешкім тиісе алмайтынын үйретіңіз.
- Бағдарламда қызыл жанып тұрғанда жол бос болса да, онымен бірге жолдан өтпеңіз.
- Балаңыздың көзінше қоланы сіміріп ішіп, «балам, қола өте зиян» демеңіз.
- Өзіңіз кітап оқымайтын жан болсаңыз, балам кітап оқымайды деп ренжімеңіз.
- Балаңызға «Сен істей алмайсың» деп сағын сындырмаңыз, қайта жігерлендіріңіз.
- Балаға тыйым сала бермей, оған зиянын түсінікті тілмен түсіндіріңіз.
- Балаңызбен сөйлескенде көзіне қараңыз.
- Баланы жиі құшақтаңыз. Өзіне қажетті жылуды сізден ала алмаған бала сырттан іздейді.
- Балаңыздың намысына тимеңіз, кінәлай бермеңіз және ешкіммен салыстырмаңыз.
- Балаға бірдене үйретерде қорқыту арқылы емес, түсіндіру арқылы үйретіңіз.
- Баланың сұрағына қысқа әрі нұсқа жауап беріңіз.

Анар ҚАСЫМОВА,
ҚМБД ұстазы, балалар психологі:

Баланың жанына жара салмайық

Бала – шексіз бір әлем. Оларға қарап өзіміз сабақ аламыз. Бабаларымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп сөз күдіретіне ерекше мән берген. Сондықтан баланы жақсы сөзбен тәрбиелеудің маңызы зор. Әлемдегі ең қорғансыз жан – бала. Біз баламыз үшін барымызды, жанымызды беруге дайынбыз дейміз, бірақ кейде баланың жанына өзіміз жара салып аламыз. Сондықтан ата-аналар ашуды сабырға жеңдіріп, балаға ауыр сөздер айтпауды, оның бойында психологиялық комплекстер қалыптастырмауды үйренсе екен деймін. Балаға қол жұмсау, шамадан тыс жазалау, өзге баламен салыстыру, үнемі оған көңіл толмаудың соңы жақсылыққа апармайды.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Sunny show»

Өтетін орны: Алматы циркі.

Күні мен уақыты: 13 қараша, 16.00.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Тұрақ: бар.

Бағдарламада: ТМД-ның үздік клоуны, батыл «Даршылар», рекордшы күш атлеті, Nomad Stunts каскадерлері, эквилибристер, епті аюлар, тентек маймыл!

Керемет трюктар, таңғажайып өзгерулер және жағымды эмоциялар! Цирктің сиқырына қанық болыңыз!



«От»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 12 қараша, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: Қазақстан.

Режиссері: Айжан Қасымбек.

Басты актерлар: Төлепберген Байсақалов, Мәншүк Айтмұханбетова, Адина Бажан, Ерболат Тоғызбақов, Бауыржан Үсенов.

Жанр: драма, комедия.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Жас бойынша шектеу:

12+



«Әндер мен Жылдар»

Өтетін орыны: Алматы қаласы, Республика сарайы.

Өтетін уақыты: 12 қараша, 17.00.

Әншілер: қазақ эстрадасының жұлдыздары.

Концерт: Қазақ ән өнерін насихаттауға үлесін қосып жүрген өнер жұлдыздарының қатысумен өтетін бұл шара жаныңызды жадыратып, көңіліңізге ой салары анық.



Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

КӨРМЕ



«DUNIYA-ART»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде «Дәуір жаңғырығы» атты халықаралық көрмесі ұйымдастырылды

Іс-шара «DUNIYA-ART» заманауи өнер галереясы» ҚҚ, Алматы қалалық ұйғыр этномәдени орталығы мен мәдени орталық жанындағы Аналар кеңесінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Он жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан «DUNIYA-ART» галереясы Қазақстанның көпұлтты бейнелеу өнерін насихаттаумен табысты айналысады. Осы кезеңде көптеген топтық, жеке және басқа да тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды. «Дәуір жаңғырығы» көрмесі басқа көрмелерден түбегейлі ерекшеленеді, оған шебер суретшілер, адамзаттың әдемі жартысының өкілдері қатысады.

Ұйғыр суретшілерінің «Дәуір жаңғырығы» халықаралық көрмесінің негізгі мақсаты – қазіргі әлемдегі және біздің еліміздегі әйелдердің тарихи рөлін көрсету, келушілерді оның қоғамдағы кәсіби қызметімен, шығармашылығымен және бүгінгі таңда әйел алатын жетекші позицияларымен таныстыру.

Жобаның міндеттері әртүрлі тенденцияларды, заманауи өнердегі жаңа бағыттар мен жаңа атауларды көпшілікке көрсету, мәдениеттер диалогын дамыту, бейнелеу өнері саласындағы әртүрлі елдердің жетістіктері аясында халықаралық мәдени байланыстарды, дәстүрлерді нығайту.

Көрмеге 20-дан астам суретшілер мен сәндік қолданбалы өнер шеберлері қатысады. Олардың ішінде Қазақстанның танымал суретшілері мен танымал шеберлері: суретші-кескіндемеші М.Хитахунова, театр костюмінің суретшісі Гузель Мамединова, суретші Гүлбахар Әшімова, Мюнхен суретшілер қауымдастығының мүшесі Марвайт Хализ және т.б. көрмеге түрлі жанрдағы жас және ерекше суретшілер қатысады, олардың жұмыстары бейнелеу өнерін сүйетіндердің назары мен қызығушылығына лайық.

Көрмеде асқабақ кескіндемесімен айналысатын шеберлердің бір топ жұмыстары ұсынылған. Сәндік-қолданбалы өнердің бұл түрі Қазақстанда ұйғыр суретшілерінің арасында Кеңес дәуірінде пайда болды, ал 90-жылдары ол жаппай сипатқа ие болды және ұйғыр халқының салт-дәстүрлерін бейнелейтін нағыз халықтық өнерге айналды.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ДҮЙСЕНБІ 14 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия.
Қаз./русс.
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка,
Джеки Чан, Аспаз
бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 67 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда
(тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб.
«Женщины на грани»
21-22 серия
18.00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 68 серия
21.00 Тұсаукесерия!
Телехикая. «Менің
бапкерім-2» 1-2 серия
22.00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
23.00 Мужской сериал.
«Агент» 4 серия
0.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
1.00 Басты назарда
(қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз».
Телехикая. (Түркия,
2019–2021 ж.ж.)
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ».
Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жүрегімің жауһары».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2022 ж.)
(с субтитрами)
14.10 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
15.00 AQPAPAT
15.15 «Соңғы алма».
Деректі фильм
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР
БАҒЫ».
Телехикая.
(Қазақстан, 2018 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая. (Түркия,
2019–2021 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ
ЖАУҒАРЫ».
Телехикая.
(Qazaqstan) Ұлттық
телеарнасы, 2022 ж.)
(с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая. (Түркия,
2021-2022 ж.ж.)
(с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН».
Қоғамдық
бағдарлама.
Тікелей эфир
0.35 «Сана».
Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер!
«Бақыттың кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Бір кітап»
10.35 Мультсериал.
«Невероятные
приключения Нильса»
11.00 Тұсаукесер! «Гүлдер
жыламайды»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
13.00 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
14.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит.
«Безумный куш»
17.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды
жаңалықтар.
Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Гүлдер
жыламайды»
23.00 Телесериал. «Кто ты?»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Утренняя программа
«Таңсері». Прямой эфир
09.00 «31 әзіл»
10.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
11.00 Т/сериал «Невиновный»
12.40 КИНО. Арнольд
Шварценеггер боевике
«Шестой день» (повтор)
15.30 КИНО. Джеки Чан в
боевике «Проект А»
17.50 КИНО. Милла Йовович
в фантастическом
боевике «Охотник на
монстров» (повтор)
20.00 Информбюро
(русс./каз.)
21.00 КИНО. Брюс Уиллис
в боевике «Жажда
смерти»
23.20 «Зейнеп» түрік
телехикаясы
00.20 Үнді сериалы
«Анупама»
(қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
07.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.55 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.00 Легендарный сериал
«УБОЙНАЯ СИЛА»
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Многосерийный фильм
«УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ
ФОНАРЕЙ 14»
01.00 Многосерийный фильм
«МЕНТОВСКИЕ
ВОЙНЫ 3»
01.50 Большая премьера.
«ТРИГГЕР»
02.40 Ночной кинотеатр.
«ВЕПРЬ»
03.35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

04.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
04.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Пәленшеевтер»
07.15 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.10 Х/с «Солнечный
ноябрь»
12.30 Т/п «Келесі кім?»
13.00 Т/х «Пәленшеевтер»
13.30 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 Т/х «Жалдамалы
әйелдер»
15.00 Т/х «Бұл өмірде»
15.40 Т/х «Өсекшілер-2»
16.10 Х/с «Дылды»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа
«Студия 7»
19.30 Х/с «Солнечный
ноябрь»
21.40 Т/х «Бұл өмірде»
22.20 Т/х «Өсекшілер-2»
23.00 Т/х «Жалдамалы
әйелдер»
00.00 Х/с «Дылды»
01.00 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы
07.30 «ЖАТ ТҮЫСТАР»,
отандық телехикаясы. С
субтитрами на русском
«КЕЙС», криминальная
мелодрама (худ.
сериал) (повтор)
08.20 «ТЫ ТОЛЬКО ВЕРЬ»,
мелодрама (худ.
сериал) (повтор)
16.30 «ЗЭКИРА». Тұсаукесер!
С субтитрами на
русском (док. драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ»,
өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БЕДНАЯ САША»,
мелодрама
(худ. сериал)
00.00 «ПЛУТ»,
остросюжетный
детектив. Премьера!
(худ. сериал)
01.35 «ВЕРНИ МОЮ
ЛЮБОВЬ», мелодрама
(повтор) (худ. сериал)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу (қайталау)
04.00-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Салават
Юлаев» (Уфа) –
«Барыс» (Астана)
09.35 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
10.00 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Мемориал Дениса Тена
10.40 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Мемориал Дениса Тена
12.00 «PRO FOOTBALL».
Еврокубки. Итоги
группового раунда
12.40 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан
Кубогы. «Айқарақөз» –
«Жетісу».
(Әйелдер)

14.05 QATAR 2022.
Деректі фильм
14.35 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Гран При. Женщины.
Парные катания.
Короткая программа
16.15 «PRO FOOTBALL».
Еврокубоктың топтық
кезеңінің қорытындысы
16.55 Арнайы репортаж
17.15 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан
Чемпионаты. Ұлттық
лига. 1 тур. (Ерлер).
«Буревестник» –
«Ұшқын-Көкшетау»
19.05 QATAR 2022. Деректі
фильм
19.35 «SPORT REVIEW».
Апталық-сараптамалық
бағдарламасы
20.15 ММА «ОСТАГОН 33»
00.15 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
00.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.15 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
7.45 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан»
Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық
/ «Қызықты
энциклопедия»
9.00 «100% ҚАСҚЫР»
Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
9.55 «Дуда мен Дада»
Мультхикая.
10.10 «Еңбек-ермек»
танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық /
«Томпи»
10.25 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
10.50 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық
бағдарлама.
11.15 Анимация. Отандық /
«Пырактар»
11.30 Анимация. Отандық /
«Ер Тарғын»
11.40 Анимация. Отандық /
«Кемпірқосақ»
11.55 «Бал балалары» ситком.
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.25 Анимация. Отандық /
«Ағаш ат»
12.40 Анимация. Отандық /
«Глобус»
12.45 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
«Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.35 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!»
танымдық
бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық
/ «Қызықты
энциклопедия»
14.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
14.50 Анимация. Отандық /
«Қаһарман»
15.25 «Дуда мен Дада»
Мультхикая.
15.40 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
16.05 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
17.05 «Сақшы арыстан»
Мультхикая.
17.30 «Толағай» спорттық
бағдарлама
18.00 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»

18.25 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
19.15 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
19.40 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
20.00 «100% ҚАСҚЫР»
Мультхикая.
20.30 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық /
«Қаһарман»
21.35 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
21.55 «Момба мен Моми
зерттеулері»
Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
2.20	Алматы кеші
3.10	Концерт
4.40	Алматы кеші
5.55	ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00	Әнұран
6.05	«Жәдігер»
6.30	«Күй-керуен»
7.00	AQPARAT
7.10	«Көңіл толқыны»
8.00	AQPARAT
8.10	«AQSAYYT»
8.30	«Ауылдастар»
9.00	AQPARAT
9.10	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир
10.00	AQPARAT
10.15	«Сағындырған әндер-ай!». Концерт
11.00	AQPARAT
11.10	«Сағындырған әндер-ай!». Концерт
12.00	AQPARAT
12.20	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир
13.00	AQPARAT
13.20	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир
14.00	AQPARAT
14.10	«Дина. Күй құдірет». Телехикая. (с субтитрами)
15.00	AQPARAT
15.10	«Дина. Күй құдірет». Телехикая. (с субтитрами)
16.00	AQPARAT
16.15	«Дина. Күй құдірет». Телехикая. (с субтитрами)
17.00	AQPARAT
17.15	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир
18.00	AQPARAT
18.20	«Димаш. Ұмытылмас күн». Деректі фильм
19.00	AQPARAT
19.10	Димаш Құдайберген
20.00	AQPARAT
20.30	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир
21.00	AQPARAT
21.30	ФУТБОЛ. FIFA-2022. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. Ашылу салтанаты. Тікелей трансляция
22.00	AQPARAT
22.30	Деректі фильм
23.00	AQPARAT
23.20	«САЙЛАУ-2022». ТЕЛЕМАРАФОН. Тікелей эфир

0.00	AQPARAT
0.20	«Боксер». Көркем фильм («Қазақфильм», 2021 ж.)
1.00	AQPARAT
1.30	«Боксер». Көркем фильм (жалғасы)
2.30	«Ауылдастар»
3.00	Әнұран



ХАБАР

05.00	ҚР Өнұраны
05.00	«Қызық times»
06.00	Концерт. «Махаббат қаласы» Ернар Айдар
08.00	Мегахит.
«Кловерфилд 10»	
10.00	«Спорт тайм»
10.30	Тұсаукесер!
«Помощь в дом»	
11.30	Тұсаукесер!
«Әке бақыты»	
12.30	«Балақай»
13.10	Мультфильм. «На край света. В поисках единорога»
14.30	Мультсериал. «Артур и дети круглого стола»
15.00	Телехикая марафоны. «Шах сарайының құпиялары»
17.00	Тұсаукесер!
«Дүлдүлдер дүбірі»	
17.30	«Жеті қазына»
мега шоуы	
19.30	Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
21.00	Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40	«Отдел журналистских расследований»
22.15	«Культурный контекст»
23.15	Мегахит. «Параноя»
01.00	ҚР Өнұраны



31-KANAL

05.58	ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00	Әзіл студия
07.00	Информбюро
07.10	Тамаша live
08.00	«31 әзіл»
08.30	«Kүліп ALL» (қайталау)
09.00	TeleBingo. Прямой эфир
09.25	Готовим с Адель
10.00	Мультсериал
«Маша и медведь»	
10.20	КИНО. Асель Садвакасова в комедии «5 причин не влюбиться в казаха» (повтор)
11.00	Информбюро
11.10	КИНО. Асель Садвакасова в комедии «5 причин не влюбиться в казаха» (продолжение)
12.40	Анимационный фильм «Храбрая сердцем» (повтор)
14.00	Информбюро
14.10	Анимационный фильм «Храбрая сердцем» (повтор) (продолжение)
14.50	КИНО. Анжелика Джоли в фэнтези «Малефисента» (повтор)
17.00	Информбюро
17.10	КИНО. Джеки Чан, Джейден Смит в боевике «Каратэ-пацан» (повтор)
20.00	Информбюро
21.00	КИНО. Алисия Викандер в боевике «Tomb Raider. Лара Крофт»
«31 әзіл»	
23.40	Информбюро
00.05	Тамаша live
00.15	What's up?
02.30	«31 әзіл»
03.30	Әзіл студия
04.00	1001 Әзіл
04.30	Ризамын
05.00	«31 әзіл»
05.30	What's up?



ЕВРАЗИЯ

06.00	«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
07.45	«П@УТИНА» бағдарламасы
08.50	«ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
09.00	«ПОЕХАЛИ!»
10.05	«ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
11.10	Многосерийный фильм «ЛОМАНЬЕ ЛИНИИ»

15.45	«X FACTOR»
16.45	Художественный фильм «КАРДИОГРАММА ЛЮБВИ»
18.55	«ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00	«ГРАНИ». Прямой эфир
21.00	Многосерийный фильм «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ»
01.30	«КВН-2022». ВЫСШАЯ ЛИГА
03.15	«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
04.45	«ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы



7-KANAL

06.00	Т/п «Қуырдақ»
06.10	Ұлықпан Жолдасовтың «Табиғатым махаббатым» атты концерті
08.40	Т/п «Құтты қонақ»
09.10	Т/п «Смеяться разрешается»
11.30	Шоу «Битва поколений»
13.10	Т/х «Бастық боламын»
14.20	Өнер қырандары
16.00	Х/ф «Облачный атлас»
20.00	Х/с «Хрустальная ловушка»
00.10	Өнер қырандары
02.00	Jaidarman
03.00	Т/х «Япырай»
04.00	Т/п «Тамаша»
05.00	Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00	ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05	«ӨН МЕН ӨНШІ»
08.00	«OZAT OTBACЫ», ток-шоу
09.00	«ЮМОРИНА», шоу-программа
10.40	«ЛЮБОВЬ С РИСКОМ ДЛЯ ЖИЗНИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
12.00	ЖАҢАЛЫҚТАР – арнайы шығарлым. Сайлау-2022
12.20	«ЛЮБОВЬ С РИСКОМ ДЛЯ ЖИЗНИ», мелодрама (продолжение)
13.00	НОВОСТИ – специальный выпуск. Выборы 2022
13.20	«ЛЮБОВЬ С РИСКОМ ДЛЯ ЖИЗНИ», мелодрама (продолжение)
15.30	«ҰЛЫ ДАЛА КОМЕДИЯСЫ», романтикалық комедия (отандық фильм)
16.00	ЖАҢАЛЫҚТАР – арнайы шығарлым. Сайлау 2022
16.20	«ҰЛЫ ДАЛА КОМЕДИЯСЫ», романтикалық комедия (жалғасы)
17.00	НОВОСТИ – специальный выпуск. Выборы 2022
17.20	«ҰЛЫ ДАЛА КОМЕДИЯСЫ», романтикалық комедия (жалғасы)
18.20	«ОРИГИНАЛ», Әбдіжаппар Әлқожаның ән-кеші
19.30	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР – арнайы шығарлым. Сайлау 2022
20.00	«ОРИГИНАЛ», Әбдіжаппар Әлқожаның ән-кеші (жалғасы)
21.00	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ – специальный выпуск. Выборы 2022
22.00	ПОД ПРИЦЕЛОМ ЛЮБВИ», детективная мелодрама. Премьера! (худ.фильм)
00.10	ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ. Арнайы шығарлым. Сайлау 2022
00.25	ПОД ПРИЦЕЛОМ ЛЮБВИ», детективная мелодрама (продолжение)
00.50	«ЮМОРИНА», шоу-программа (повтор)
02.00	«АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.05	«OZAT OTBACЫ»
04.00-	
04.30	«КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

07.00	Әнұран
07.05	ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызыл-Жар СК» – «Каспий»
09.05	«Катарға саяхат». Деректі фильм
09.55	Арнайы репортаж
10.20	ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Фигурное катание. Гран При. Гала-концерт. Прямой эфир
13.00	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
13.50	QATAR 2022. Деректі фильм
14.15	ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины
14.40	ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины
15.35	ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины
17.15	ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины
17.50	«PRO FOOTBALL». Еврокубки. Итоги группового раунда
18.25	«Шығыс жекпе-жегінің шеберлері үздіктерді анықтады». Арнайы репортаж
18.40	ММА «OCTAGON 36»
20.55	QATAR 2022. Деректі фильм
21.20	ФУТБОЛ. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
21.50	ФУТБОЛ. Чемпионат мира по футболу. Катар – Эквадор. Прямой эфир
23.55	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.40	Әнұран

balapan BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05	Анимация. Отандық / «Көңілді көліктер»
7.40	«Құтқарушы ойыншықтар»
Мультхикая.	
8.05	Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
8.30	«Көңілді жексенбі»
8.55	Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
9.05	«Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.	
9.15	«Расулдың хикаялары»
ситком	
9.30	«Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарлама
10.00	Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05	«Күн сәулелі көкектер»
Мультхикая.	
10.35	Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45	«Білім бәйгесі» оқу-танымдық бағдарлама
11.20	«Мумилер өлкесі»
Мультхикая.	
11.45	Анимация. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
11.55	Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20	«Ақ құс» телехикая.
12.45	«Зак дауыл» Мультхикая.
13.10	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.25	Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
14.05	«Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10	Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
14.40	«Қырық төрт мысық»
Мультхикая.	
15.00	«Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10	«Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15	Анимация. Отандық / «Сәби»
15.30	«Құтқарушы ойыншықтар»
Мультхикая.	
15.55	Анимация. Отандық / «Пырақтар»
16.10	Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
16.25	«А4» ситком.

16.55	Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
17.05	Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20	Анимация. Отандық / «Жібек»
17.30	Анимация. Отандық / «Глобус»
17.40	«Расулдың хикаялары» ситком
18.10	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
18.20	«Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.	
18.35	«Күн сәулелі көкектер»
Мультхикая.	
19.05	Анимация. Отандық / «Көңілді көліктер»
19.35	Анимация. Отандық / «Сәби»
19.50	Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
«А4» ситком.	
20.10	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
20.40	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
20.55	Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
21.15	«Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама	
21.40	«Зак дауыл» Мультхикая.
22.10	Анимация. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
«Өжемнің ертегілері»	
кешкі ертегі.	
22.40	«Мумилер өлкесі»
Мультхикая.	
23.05	«Ақ құс» телехикая.
23.35	«Қырық төрт мысық»
Мультхикая.	
23.55	«Бесік жыры» – Өнұран
0.00	Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00	«Фазилет ханым» телехикаясы
07.00	«Маша и медведь»
Мультфильм	
09.10	«ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.10	«Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы	
12.00	«Жұлдыздысың»
13.10	«Бақыт құшағында»
бағдарламасы	
14.00	«Жұлдыздар айтысады»
17.00	«Келинка тоже человек»
Худ. фильм	
19.00	«Почти мачо»
Худ.фильм	
21.00	«ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55	«Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы	
23.45	«Логово»
Худ.фильм	
02.00	«Көру керек!»
бағдарламасы	



TALIMTV

07.00	Views
08.10	Өнер қырандары
09.00	Айтыс.
Алтын қор	
09.30	«Саморазвитие» – Маржан коуч
09.55	Саулықтың сыры
10.10	«Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30	Денсаулық сыры
10.50	Ем болсын
11.00	«Шатқал» – Қысқа метражды фильм
12.00	Ұлт саулығы
12.20	Қазақ спортының классикасы
13.15	Саулықтың сыры
13.30	Автопортрет
14.10	Тәтті time
14.50	Ұлт саулығы
15.00	«Тессаодағы тіршілік формуласы» – Деректі фильм
16.30	ТамашаLike
17.00	«Ойлан» – Таласфильм
17.40	«Өмірлері өнегіелі әкем, анам»
18.30	«Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50	Денсаулық сыры
19.00	Talim Speakers
19.35	Пруст сауалнамасы
20.00	«Бір дубль»
21.40	Бақытты отбасы
22.00	Руханият
22.30	Балалық шаққа саяхат
23.00	Views


МӘСЕЛЕ

ЕГЕУҚҰЙРЫҚ КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Олармен қалай күресеміз?

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір қаладағы көпқабатты үйлердің қоқыс жиналатын контейнерлерінің маңында, самса, шаурма сататын сауда орындардың айналасында егеуқұйрықтар толып жүретін болды. Бұл мәселені қала тұрғындары жиі көтеріп жүр. Мәселен, kris.p.almaty.official Instagram парақшасы егеуқұйрықтардың қаптап кеткенін бір емес, бірнеше рет жариялады. Дәлел ретінде Медеу, Жетісу, Бостандық аудандарында егеуқұйрықтар толып жүргенін видеоға түсіріп, көпшілікке таратты.


Оларды түбегейлі жойып жіберу мүмкін емес

Kris.p.almaty.official әлеуметтік желі авторлары Медеу ауданындағы Мәметова мен Уәлиханов көшелерінің қиылысында, сондай-ақ «Жетісу-1» ықшамауданындағы арықтарда егеуқұйрықтар жүргенін түсірген бірнеше видео жариялады. Басылым авторларының айтуынша, егеуқұйрықтар қаланың біраз жерінде жүр.

Әрине, қалада егеуқұйрықтармен жыл сайын күрес жүргізіліп келеді. Бірақ кеміргіштерге қарсы қанша «соғыс» жариялағанмен, оларды түбегейлі жойып жіберу мүмкін емес. Олардың бір ерекшелігі, кез келген ортаға, жағдайға тез бейімделіп, өмір сүріп кете алады. Егеуқұйрықтар негізінен күл-қоқыс көп жерде, не болмаса су маңында көп жүреді. Қаламыздың көрікті жерлерінің көпшілігі күл-қоқыс тастайтын мекенге айналғандықтан, егеуқұйрықтардың көпқабатты үйлер маңынан да жүретіні түсінікті жағдай.

Кеміргіштер оба ауруын таратады

Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, биология ғылымының докторы Леонид Бурделов қазір егеуқұйрықтардың адамдарға шабуыл жасауының жүздеген жағдайлары тіркелгенін айтты. «Кеміргіштермен тиімді күрес жүргізбесек, оның арты жақсылыққа апармайды. Бұрын мен мұндай кішкентай жануар адамды тістей алатынына сенбейтін едім. Бірақ олар өздерін қорғау үшін қарсы шабуылға барады. Қазір осындай жүздеген жағдайлар тіркелген. Ал Қырғызстанда екі жылдың ішінде егеуқұйрықтардан 500-ге жуық адам зардап шекті. Біздің елде де статистика жақсы емес. Тек ол көпшілікке жарияланбай отыр. Қайбір жылы түнде егеуқұйрық балаға шабуыл жасады. Анасы сәбидің жылағанына реакция білдірмей жата берген, ал таңертең қараса, баланың құлағы жоқ болып шықты», – дейді Л.Бурделов сұхбатында.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Жоғарыда аты аталған орталықтың Аса қауіпті аурулар бөлімі жылына екі рет көктем-күз айларында егеуқұйрықтарға шолу жасап, жорамал есеп жинайды екен. Бақылау нәтижесіне қарағанда, егеуқұйрықтар үш жыл өмір сүретін көрінеді. Олар әр 22 күнде балалайды деседі және бір туғанда 10-нан 19-ға дейін ұрпақ әкеледі екен.



Ол егеуқұйрықтар қауіпті аурулардың ошағы екендігін атап өтті. Тіпті, кеміргіштер оба ауруын таратады екен. «Егер оба қалалық егеуқұйрықтардың популяциясына еніп, онда тамыр жайса, бұл эпидемиядан құтылу оңайға соқпайды», – дейді ғалым.

Кәсіпкерлер артық ақша шығарғысы келмейді

Негізі егеуқұйрықтарды түбірімен жойып жіберу мүмкін емес. Бірде-бір мемлекет оларды толық жойдық деп айта алмайды. Бір кездері Будапешт егеуқұйрықтарды мәңгі жоқ қылғанын жариялаған болатын. Алайда, үш жылдан кейін қайтадан «қала аумағына тиімді өңдеу жүргізіліп жатыр» деген хабарлама таратты.

Кеміргіштердің аналығы бір дегенде 10-ға дейін туады. Бұл олардың тез өсуіне мүмкіндік береді. Бірақ бізде өкінішке орай, егеуқұйрықтардың санын реттеу жұмыстары жеке фирмаларға берілген. Сондықтан олардың таратқан мәліметтеріне сену қиын. Олар өз есептерінде нәтижелерді ашық бағалайды деп айтуға ауыз бармайды. Қағаз жүзінде егеуқұйрықтармен жылына екі рет күрес жүргізіледі дегенмен, бірақ бұл істің нәтижелі орындалуы көңіл көншітпейді. Өйткені, кез келген жекеменшік компания ең бірінші өз пайдасын ойлайды. Онымен қоса, кеміргіштермен күрес тек белгілі бір жерлерде ғана жүргізіледі. Гүлзарлар, аландар дәріленіп жатады. Кейде тұрғындардан шағым

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Егеуқұйрық (крыса) – аса қауіпті дерттерді тасымалдаушы, тараушы ғана емес, сонымен қатар ғимараттардағы инженерлік-коммуналдық жүйелерге зақым келтіріп, маса, бүрге және шыбын-шіркейлердің көбеюіне ықпал ететін кеміргіш. Алматыда және қала шетінде орын тепкен жеке секторларда кеміргіштер мен эктопаразиттер, кенелер көбейген. Қазіргі кезде қаладағы көпқабатты үйлердің 8 пайыздан артығының жертелелерін кеміргіштер өз мекені етіп алған. Егеуқұйрықтардың көбеюі, біріншіден, тұрғындардың тұрмыстық қалдықтарды кез келген жерге лақтырып тастауынан және бір жағынан, тиісті мекемелердің қалдықтарды жинап, қала сыртына тасымалдауды уақытылы қамтамасыз етпеуінен көбейіп отыр. Олар адамға аса қауіпті аурулар (оба, безгек, сүзек, т.б.) таратады, сондықтан олар мекендейтін үйлер мен астық қоймаларын мезгіл-мезгіл дезинфекциялап отыру керек.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Орта ғасырда кеміргіштерді құрту үшін бірнеше темір бөшкенің әрқайсысына алты-жетіден егеуқұйрықтарды қамап, апталап тамақ бермейді екен. Әбден ашығып, көзі қарайған егеуқұйрықтар амалсыздан бірін-бірі жеуге көшеді. Мықтылары әлсізін жеп қояды. Соңында әр бөшкеде ең мықты, жыртықшы аялған бір ғана егеуқұйрық қалады. Оларды бірнеше күн аш ұстап, соңынан егеуқұйрықтар ордасына жібереді. Тұқымдастарының етін жеп дәннен әлгі жыртықшы ордасындағы егеуқұйрықтарды шетінен жеп құртады екен.

түскенде ғана улау жұмыстары жасалады. Ал жеке кафелер, мейрамханалар, наубайханалар мен қоймаларда кеміргіштер көп болса, онда олар өз есебінен дератизация жүргізуі керек. Қазір мынадай пандемия, дағдарыс кезінде кәсіпкерлер қалтасынан артық ақша шығарғысы келмейді. Демек, кафе, мейрамхана иелерінің санитарлық талаптар мен ережелерді сақтамауынан қала қауіпті кеміргіштерге толып барады.

Салғырттық сан соқтырып жүрмесін

Мамандардың айтуынша, егеуқұйрықтарды қыру үшін ең қолайлы мезгіл – қыс. Өйткені, бұл кезеңде егеуқұйрықтар бір жерге жиналады және қоныс аударып кете алмайды. Қыс мезгілінде жүргізілген дератизация

өте тиімді болады. Бірақ бізде бір өкініштісі, төтенше оқиға орын алмайынша, мәселеге мән бере қоймайтын салғырт мінезіміз бар. Қайбір жылы дер кезінде жеткілікті дәрежеде қаржы бөлінбеу салдарынан Оңтүстік Қазақстан облысында кене шаққан бірнеше адам қырым қанды безгегінен қаза болған еді. Мәселе ушыққаннан кейін ғана қосымша ақша бөлініп, залалсыздандыру жұмысы толықтай жүргізілді.

Мамандар «егеуқұйрықтардың кішкентай балаларға шабуылдау, ұйықтап жатқан адамды тістеу фактілері орын алады, ал олардың ішінде «құтырған» ауруының тасымалдаушылары да болуы мүмкін» дейді. Сондықтан «бөрі жоқ» демей, «бөрік астында» екенін ескергеніміз жөн. Тиісті органдар төтенше оқиғаның орын алуын күтпей-ақ, дер кезінде жеткілікті қаржымен қамтамасыз етіп отырса, нұр үстіне нұр болар еді.



Алматы қаласы аудандық аумақтық сайлау комиссияларының шешімдерімен 2022 жылғы 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы бойынша дауыс берудің басталу және аяқталу уақыты өзгертілген сайлау учаскелерінің тізімі

№ р/б	Сайлау учаскесінің нөмірі	Ориналасқан жері	Дауыс беруді бастау уақыты (6.00 сағаттан ерте емес)	Дауыс беруді аяқтау уақыты (20.00 сағаттан кешіктірмей)
Алатау ауданы				
1.	№10	7552 Әскери бөлімі, Рысқұлов даңғылы, 228	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Алмалы ауданы				
2.	№76	«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы, Абай даңғылы, 91	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
3.	№78	ҚР ДСМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК, Амангелді көшесі, 88	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
4.	№92	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тергеу изоляторы, Қарасай батыр көшесі, 70	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
5.	№94	«№1 қалалық перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Сейфуллин даңғылы, 492	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
6.	№96	«Қалалық шұғыл көмек көрсету ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қазыбек би көшесі, 96	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
7.	№97	«Қалалық кардиологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Төле би көшесі, 93б	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
8.	№98	«Құрмет белгісі» орденді Қазақ кез аурулары ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы, Төле би көшесі, 95а	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
9.	№99	«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Әйтеке би көшесі, 120	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
10.	№100	«Қалалық ревматологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Әйтеке би көшесі, 116	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
11.	№107	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Гоголь көшесі, 139/15	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
12.	№112	«Орталық клиникалық аурухана» акционерлік қоғамы, Панфилов көшесі, 139	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
13.	№116	«Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Төреқұлов көшесі, 73	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
14.	№119	«А.Н.Сығанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы, Желтоқсан көшесі, 62	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Әуезов ауданы				
15.	№135	«Демалыс-К» отель-санаторий «Altyn Kargaly» жауапкершілігі шектеулі серіктестік Жандосов көшесі, 204 үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
16.	№136	«Қарғалы пансионаты» акционерлік қоғамы, Саин көшесі, 184 г үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
17.	№143	«Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» республикалық мемлекеттік мекемесі Жандосов көшесі, 53 үй	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
18.	№162	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 2 шағынауданы, 54 үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
19.	№171	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жұбанов көшесі, 11 үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
20.	№172	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 Қалалық перзентхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қабдолов көшесі, 28 үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
21.	№212	«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Мамыр-7» шағынауданы, 8а үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
22.	№586	ЖШС «ХАК Мед.орталығы» Өтеген батыр көшесі, 11а үй	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Бостандық ауданы				
23.	№278	«Қалалық паллиативтік көмек орталығы» ШЖҚММК, «Көктем-3» шағынауданы, 11	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
24.	№279	«Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК, Байзақов көшесі, 299а	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
25.	№280	«Изатима Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКМ, Байзақов көшесі, 295	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
26.	№281	«Орталық қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жандосов көшесі, 6	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
27.	№282	«Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» РМҚК, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 129а	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
28.	№283	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» РММ Попов көшесі, 1а	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
29.	№284	«Б.У.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ, Басенов көшесі, 2	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
30.	№285	«Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» ШЖҚММК, Манас көшесі, 40	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
31.	№286	«Қалалық паллиативтік көмек орталығы» ШЖҚММК, Өтепов көшесі, 3	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
32.	№302	Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы», КМК, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117а	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
33.	№303	«Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Мәкан Есболатов атындағы Алматы академиясы» РММ, Өтепов көшесі, 29	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
34.	№304	Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқарма-сының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы» КМК, Радостовец көшесі, 279	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе

35.	№305	«Демеу» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КМК, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 121	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
36.	№307	«Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ, Әл-Фараби даңғылы, 146	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
37.	№309	«Оқ-Жетпес» «Алматы» емдеу-сауықтыру кешені» АҚ, «Ғаламат» шағынауданы, Өлмерек көшесі, 1/1	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
38.	№310	«Private Clinic Almaty/ Приват клиник Алматы» ЖШС, «Мирас» шағынауданы, 45	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
39.	№311	«Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» ШЖҚММК, Басенов көшесі, 2	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
40.	№312	«Тері-венерологиялық диспансері» МКК, Манас көшесі, 65	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
41.	№495	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы» ММ, «Нұр Алатау» шағынауданы, Рахмдиев көшесі, 1б	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
42.	№566	«Достар Мед» ЖШС, Сеченов көшесі, 28/5	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
43.	№567	«Керуен-Medicus» ЖШС, Бұқар жырау бульвары, 45/1	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Жетісу ауданы				
44.	№348	ҚР ҰҚК ШҚ Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы, «Көкмайса» шағынауданы, 26а	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Мелеу ауданы				
45.	№391	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының ғимараты, Достық д-лы, 103	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
46.	№393	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласында емханасы бар өңірлік әскери госпиталінің ғимараты, Достық д-лы, 103/41	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
47.	№394	Қазақстан Республикасының фтизиопульмонология Ұлттық ғылыми орталығының ғимараты, Бекхожин к-сі, 5	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
48.	№395	№5 қалалық клиникалық аурухана ғимараты, Достық д-лы, 220	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
49.	№396	Психикалық сауықтыру орталығының (наркологиялық қызмет) ғимараты, Мақатаев к-сі, 10	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
50.	№397	Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығының ғимараты, Достық д-лы, 125	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
51.	№409	Алматы аймақтық көпсалалы клиникасының ғимараты, Демченко к-сі, 83б	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
52.	№410	№2 қалалық перзентхана ғимараты, Жангелдин к-сі, 28	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
53.	№417	«Каменское Плато» фтизиопульмонология оңалту орталығының ғимараты, «Таусамалы» шағынауданы, Кербұлақ к-сі, 6г	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
54.	№576	Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығының ғимараты, Райымбек д-лы, 60	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
55.	№597	Алматы аймақтық көпсалалы клиникасының ғимараты, «Көкөтебе» шағынауданы, Роза Бағланова к-сі, 69а	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
56.	№623	«Mediterra» медициналық орталығының ғимараты, «Таулы қырат» шағынауданы, Жамакаев к-сі, 254/1	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Наурызбай ауданы				
57.	№517	«№1 қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов к., 2	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
58.	№518	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов к., 20	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
59.	№520	«Ақсай» республикалық клиникалық балалар ауруханасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, «Тастыбұлақ» шағынауданы, Қарлығаш к., 14/1	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
Түркісіб ауданы				
60.	№438	Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Фтизиопульмонология орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Дегдар көшесі, 45	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
61.	№441	«Құрлықтағы жауынгерлердің әскери институты» мемлекеттік мекемесі Красноярский көшесі, 4	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
62.	№470	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 Қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Папанин көшесі, 220	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
63.	№471	«Темір жол ауруханасы» акционерлік қоғамы Ақан сері көшесі, 36	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
64.	№475	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 перзентхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Станкевич көшесі, 6	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
65.	№476	«Қарасай ауданы бойынша ҚР ҰҚК ШҚ департаментінің РММ» мемлекеттік мекемесі Спасский көшесі, 67	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
66.	№479	«Л1А155/18 мекемесі» мемлекеттік мекемесі Красноярский көшесі, 73	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
67.	№481	«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталі» Республикалық мемлекеттік мекемесі Красноярский көшесі, 2	6.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе
68.	№594	«Изатима Жекенова атындағы Қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны-ның филиалы, Дегдар көшесі, 10/2	7.00	кез келген уақытта, егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе



● ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

КҮЛЛІ ҚАЗАҚТЫҢ КӨПЕНІ ЕДІ...



Есімін күллі қазақ білетін белгілі сықақшы, журналист, Қазақ радиосының ардагері Көпен Әмірбек 73 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Халықтың қадірлі азаматы, сатира сарбазының мезгілсіз қазасы көпшіліктің қабырғасын қайыстырды.

Жүрген жерінде айналасын күлкіге бөлейтін Көпен ағамыз ауыр дерттен көз жұмды. Қазақтың Көпені жайлы енді тек өткен шақты естелік қана айта алатынымыз өкінішті. Қаралы хабарды естіген барша қазақ елі, Көпен Әмірбектің замандастары мен әріптестері, бауырлары жүрек тебірентер естеліктерін жазып, қайғыға ортақтасуда.

«Біраз жыл қызметтес болдық. Көпен аға келе жатыр деп еркелетуші едік... Соңғы рет Шымқалада күн отырып, түн отырып әңгімелестік. Он томдығын шығарып, Көпенді күткен елмен емен-жарқын жүздесемін деген. Жоспар жазылған. Өткенде телефонына хабарласқанымда: «Бөлністемін. Қиын, бірақ жазылып шығам ғой», – деп еді. Рух алсын деп тілек-

ниетімізді порталымызға жарияладық. «Жақсарып қалдым» деп еді сонда!

Өмір деген осы. Қырық жыл халқын «Көпенің келе жатыр» деп, әзілімен, жайдары жылы қалжыңымен қажыған көңілін көтерген жақсы ағамыз Көпен Әмірбек бұл жалғаннан озды. Шығармашылығыңыз еліңізбен бірге жасай бермек! Ерекше қасиетіңіз жадымызда! Иmandы болыңыз, жақсы аға-замандас әріптес!», – деп жазды Махат Садық өзінің желідегі парақшасына.

Көпен Әмірбек 1950 жылы 29 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына қарасты Ешкіқора елдімекенінде дүниеге келген. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетін 1973 жылы бітіріп, екі жылдық әскери партия мектебінде оқыған. 1978 жылы Мәскеуде, 1980 жылы Ташкентте өткен Бүкілодақтық жас сықақшылар фестиваліне қатысқан. «Правда» баспасынан шыққан «Надейся и жди», «Крохотные звезды» атты орыс тіліндегі ұжымдық жинақта әзіл-сықақтары жарияланды.

Саяси сатиралық «Ара-Шмель» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Бас редактор, ғылыми-техникалық «Білім және еңбек» журналында жауапты хатшы, «Қазақ әдебиеті» газетінде Сатира және юмор бөлімінің меңгерушісі, «Егемен Қазақстан» газетінде фельетон бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Жоғарғы сотында баспасөз хатшысы, Қазақ радиосында Бас редактор болып қызмет істеді. Саяси қоғамдық сатиралық «Ара» Kz журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы сатира кеңесінің төрағасы болды.

Көпен Әмірбек «Қымызхана», «Тамаша» ойын-сауық отауының белсенді авторы ретінде, сондай-ақ өзі құрған «Көпен келе жатыр!..» атты сатиралық театрымен көрерменге кеңінен танылды. Орыс әдебиетінің классиктері И.Крылов, С.Михалков, С.Маршактың мысал-мыскылдары мен лезгин сатиригі Жаминдиннің және өзбек әзілкеші Абдулла Қаһардың бірсыпыра сықақ өлеңдерін қазақ тіліне аударды. «Аты жоқ кітап», «Алып», «Тілім қышып барады», «Қысыр әңгіме», «Мың бір мысал», «Ауызбастырық», «Өзіңді танысың ба?», «Көпен келе жатыр!..», «Із», «Көкемнің көзі», «Па, шіркін, пародия!..» атты әзіл-сықақ, сын мақалалар кітабының авторы. Президент гранты мен «Парасат» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Жаны жайсаң, рухы биік азаматтың алдынан жарылқасын, қазаның артының қайырын берсін! Отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы.

● ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ЖАРЫС

ТАПҚЫРЛАР
САЙЫСЫ

Алматы қаласы
Қылмыстық атқару
жүйесі
департаментіне
қарасты №11
мекемесінде
биылғы Балалар
жылы құрметіне
жасөспірімдер
арасында «КВН»
өтті.



Көңілділер мен тапқырлар алаңына Алматы қаласындағы Индустрия және қонақжай туризм колледжінің «Болашақ» командасы, Технология және флористика колледжінен «Актив», Дизайн және сән колледжінен «Мимика» және осы іс-шара ұйымдастырылған №11 мекемесінің, яғни балалар колониясынан «I love you family» командасы жиналды.

«Болашаққа саяхат» деген тақырып шеңберінде өткен жарыс үш түр бойынша, атап айтсақ, «сәлемдесу», «бес жаңалық», «үй тапсырмасы» аясында өрбіді. Жастар бар өнерін ортаға салып, бір-біріне дес бергісі келмей, тіпті бір-бірінен асып

түсуге тырысып, белгіленіп берілген қысқа уақыт ішінде көп ойды айтуға, оны мағыналы жеткізуге, жиналған жұртты күлдіруге ұмтылып жатты. Жарыс нәтижесінде алаң иелері, яғни №11 мекемесінің «I love you family» командасы 1-орынды иеленді. Ал 2-орынға Дизайн және сән колледжінің «Мимика» командасы, 3-ші жүлделі орынға Технология және флористика колледжінің «Активі» ие болды.

Көңілді әрі тапқыр, өмірге құштар, өнерпаз жастарға қазылар алқасының мүшелері кітаптар, сыйлықтар ұсынды.

Нұр ЖАМАЛ.

ТӘЛІМ

БАЛА ДА, ДАНА ДА
ДӘН РИЗА

Алмалы ауданындағы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №33 бөлімшесінде аудан әкімдігі жанындағы Ардагерлер кеңесінің белсенді зейнеткерлері мен Міржақып Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназиясының 6 «Ә» сынып оқушылары «Қарттарым, аман-сау жүрші» тақырыбы аясында бас қосты.



Аға буын мен жас ұрпақ арасындағы жылы жүздесуде құрметті демалыстағы қариялар балаларға өткен өмірлері, жеткен жетістіктері, түрлі қиындықтарды қалай жеңгендері, өмірдің мәні, қуаныш, бақыт туралы әңгімелер айтып берді. Батай Маманұлы, Мәдина Хакімқызы, Роза Иماشқызы, Зауреш Әнуарбекқызы, Төлеуғали Сатыбалдиев және тағы басқа қарттар өрендерді үлкеннің алдын кеспеуге, кішіге де ізетті, білімді, тәрбиелі болуға шақырды. Аға буын қария-

ның ақ батасын алған баланың алысқа баратынына сендірді.

Ал оқушылар өз кезегінде ата-әжелеріне ән-жырдан шашу шашты. Балалардың ата-апа, әке-ана, Қазақстан, туған жер туралы өлеңдері, жүрекжарды тілектері, мағыналы терме, күйі де құрметті қонақтарды елжіретіп, тіпті көздеріне жас алдырды.

Рухани кеш соңында кітапхана атынан үлкенге де, кішіге де кітаптар сыйға ұсынылды.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«АЛА ҚАНАТ» АМАЛЫ

«Қараша – қауыс, кәрі-құртанды тауыс»
деген үрейлі амал басталды

Қаракүз – күздің ақырғы айы. Бұл айды қазекен жамау-жасқау айы деп атаған. Себебі, қарашаның әр күні немесе әр аптасы әр айға ұқсайды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Күз амалдарының біразы артта қалды. Өткен пайымда айтқандай, бүгіннен бастап «Бозқырау» (Бокырау) амалы басталды. Ол қыстың алғашқы нышаны.

Бұрынғы жұлдызшылар осы амалға қарап алдағы қыстың қасқабағын, мінезін, барысын пайымдаған. Қарашаның 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасатын осы амал нағыз қыраудың өзі, суықтың көзі.

Биыл да өткен жылғыдай, ерекше табиғат құбылысы орын алып тұрған жоқ. Бірлі-жарым жел мен жауын-шашын көрініс бергенімен, салқын, ызғар болған жоқ әлі. Алматының өзінде болмағанмен, төңірегіне қар ұшқыны, боз қырау түсті. Мұны қазекен «Ала қанат» деп атаған (бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай жерге ала түскен қар). Дегенмен, 8 қарашада үздіксіз жаңбыр жауып, соңы қарға айналды. Бұл Алматы қаласы мен төңірегін түгел ақ ұлпаға бөлеген алғашқы қар болды. Алайда, оның ұзақ жатпасы да айқын...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе қарашаның 10-ын көрсетіп тұр. Ал ай есебі бойынша, қарашаның 13-ші жұлдызы. Қазақы есепке (ескіше) сүйенсек, айдың басталуына әлі 1 күн бар. Алдағы апта осындай қарбаласы көп кезге дөп келіп тұр. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай, «Бозқырау» амалы жүріп



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Табиғат құбылыстары мен жәндіктердің қимылына қарай жасалған жорамал

*Құйын көп болса, қыс аязды болады.

*Күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

*Бұлт желге қарай көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.

*Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.

*Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.

жатыр. «Ала қанат» амалы да көрініс берді. Осы мезгілде ауа райында өзгеріс орын алуы ғажап емес. Қабаттасқан амалдардың әсерінен жауын-шашын болмаса да, аспанды бұлт торлап, күн көзін тұмшалайды. Күн де суытқа бастайды. Әсіресе, таңғы салқын алматылықтарды дірдек қаққызары әбден мүмкін...

Алда «Қауыс», «Ақ қар», «Үлкен қараша» бар. Бұлардың бәрі қыстың алғашқы хабаршысы іспетті өзімен бірге қар, дауыл, ызғар ала келетін қаһарлы амалдар. Сол се-

бептен, алдағы суықтарға шыдамайтын кәрі-құртан, көтерем малдарды сойып, күз-соғым жасайды. Ел ішінде «қараша – қауыс, кәрі-құртанды тауыс» деген мақал сақталған. Қазекен қараша айын Қауыс деп те атаған. «Қараша келмей, қар жаумас» деген бұрынғы табиғат та-мыршыларынан қалған тәмсіл бар...

Аспан денелерінің қазіргі қимыл-әрекетіне назар аударатын болсақ, алдағы апта (10–17 қараша аралығында) ауа райы құбылмалы көрініс көрсеткенімен, жауын-шашынсыз өтетін сынағайы.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

ЗООБАҚТАҒЫ ҚОЛТЫРАУЫН
50-ГЕ ТОЛДЫ

Алматыдағы хайуанаттар бағына 85 жыл толды. Қала тұрғындары мен қонаққа келушілер ең көп баратын бұл орын 1937 жылғы 7 қарашадан бастап жұмыс істеп келеді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бала тұрмақ, өзіміз де, яғни үлкендер де түрлі хайуанаттарды тамашалап, балдырғандарға қосылып бәр сәт бала кейпіне еніп, мәз болып жатамыз.

«Алматыдағы хайуанаттар бағы, тіпті Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де жабылған жоқ. Зообақ ашылған жылы жануардың тек 70 түрі болды. Ол кезде Алматыға жануарлар Мәскеу, Ашхабад, Ленинград хайуанаттар бағынан әкелінетін. Қазіргі уақытта Алматы хайуанаттар бағында 3998 жануар және олардың 372 түрі мекен етеді. Зообақта қазір жасы ең үлкен жануар – қолтырауын. Биыл ол 50-ге толды», – деп хабарлады Алматы қалалық Мәдениет басқармасының өкілдері.

«Осы жылдар ішінде көптеген қуанышты оқиғалар болды.



Экспедициялар Кеңес Одағының қалаларына, Дуров циркіне саяхаттар жасалды. 70-жылдары бізде бес піл туды, 80-жылдары бір жұп бегемоттан он бегемотқа көбейді. 2006 жылдан бастап 15 керіктің төлі өмірге келді. Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы қиын кезеңдерді хайуанаттар бағы да бастан кешірді, бірақ сақталып қалды», – деп еске алады хайуанаттар бағының қызметкерлері тарих парағына айналған кейбір сәттерді. Әрине, бұл жетістіктерге Алматы хайуанаттар бағы қызметкерлерінің талай буынының еңбегі, күш-жігері жұмсалды.

Азиядағы ең үлкен хайуанаттар бағы саналатын Алматы бағы бұрынғыдай еліміздің басты хайуанаттар бағы саналып, заман көшінен қалмай дамып келеді.

Мәселен, тоғандарды қалпына келтіру жұмыстары басталып, аюлар мен қасқырларға арналған жаңа қоршаулар салынды. Бұрын зообақта арыстандар мен қолтырауын, жылан, тотықұстарға арналған бір ғана қысқыжай болған. Қазіргі уақытта әр жануардың қысқы тұрағы бар.

«Соңғы уақытта біз аюларға, қасқырлар мен жолбарыстарға арнап кең вольерлер салдық. Зообақ аумағындағы көлшіктерге күрделі жөндеулер жүргіздік. Алдағы уақытта пілдерге, мүйізтұмсықтар мен сусиырларға арнап кең жазғы және қысқы тұрақ саламыз. Сонымен қатар, жаңа ветеринарлық бөлім, жем-қорек бөлімі мен жеміс-жидек сақтайтын қойма саламыз», – деп хабарлады зообақтың баспасөз қызметі.